8 **Spathiphyllum - Wikipedia** [Electronic resource] (Date of accessed: 13.06.2022)

9 **Tarasov, Ye. F.** Aktual' nye problemy analiza jazykovogo soznaniya. [Actual problems of language consciousness analysis.] \\\ Jazykovoє soznanie i obraz mira. Sbornik statej. – отв. Red. N. V. Ufimtseva. – Moscow. – 2000. – pp. 19–24.

10 **Babenko, L. G., Kazarin, Ju. V.** Lingvisticheskij analiz hudozhestvennogo teksta. [Linguistic analysis of the literary text.] Teoriya i praktika: Uchebnik; Praktikum \ L. G. Babenko, Ju. V. Kazarin – 3-e izd. ispr. – Moscow : Flinta : Nauka. – 2005. – 496 p.

Материал 12.12.22 баспаға түсті.

*И. Б. Булегенова¹, Г. К. Кенжетева²

^{1,2}Евразийский Национальный Университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана

Материал поступил в редакцию 12.12.22.

АССОЦИАТИВНЫЕ СВЯЗИ ЕДИНИЦ ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ ЛЕКСИКИ

Эмоция — это особый вид выражения психического состояния человека. Она всегда тесно связана с чувствами. Поскольку человеческое бытие находится в постоянном изменении, чувства и эмоции также постоянно меняются, влияют друг на друга и находятся в постоянном соотношении. Поэтому изучение эмоций в науке, особенно в лингвистике, всегда актуально. Психическое и эмоциональное состояние человека может выражаться лексическими, синтаксическими, фонетическими и морфологическими средствами. В статье освещается ход ассоциативного эксперимента, одного из путей определения ментального образа языкового сознания. Ассоциативный эксперимент широко используется в лингвистике и психолингвистике. Один из них – свободный ассоциативный

эксперимент. Эксперимент направлен на выявление и описание в казахском языке смысловых значений (коннотаций) таких эмоций, как радость, гнев, горе, счастье, грусть, страх, ревность, зависть, ненависть, совесть, надежда. С помощью эксперимента можно убедиться в особенностях функционирования языкового сознания. Всего в эксперименте приняли участие 100 респондентов. Респонденты были студентами факультета естественных наук и филологического факультета. Возраст респондентов от 18 до 23 лет. В процессе заполнения анкеты время не ограничивалось, однако время выполнения в среднем занимало 15–20 минут. В соответствии с этикой исследования в ходе эксперимента соблюдались принципы анонимности. Заполненные анкеты были тщательно проанализированы.

Ключевые слова: положительные эмоции, отрицательные эмоции, ассоциативный эксперимент, языковое сознание, психолингвистика

*I. B. Bulegenova¹, G. K. Kenzhetayeva²

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Astana

Material received on 12.12.22.

ASSOCIATIVE RELATIONS OF EMOTIONAL VOCABULARY UNITS

Emotion is a complex state that expresses a person's mental state. It is always closely connected with feelings. Since human existence is in constant change, feelings and emotions are also constantly changing, influence each other and are in constant correlation. Therefore, the study of emotions in science, especially in linguistics, is always relevant. The mental and emotional state of a person can be expressed by lexical, syntactic, phonetic and morphological means. The article highlights the course of the associative experiment, one of the ways to determine the mental image of linguistic consciousness. The associative experiment is widely used in linguistics and psycholinguistics. One of them is a free associative experiment. The experiment is aimed at identifying and describing in the Kazakh language semantic meanings (connotations) of emotions such as joy, anger, grief, happiness, sadness, fear, jealousy, envy, hatred, conscience, hope. With the help of an experiment, you can verify the peculiarities of the functioning of linguistic consciousness. A total of 100 respondents took part in the experiment. All respondents are students of the Faculty of Natural Sciences and the Faculty of Philology. The age of respondents is

from 18 to 23 years. In the process of filling out the questionnaire, the time was not limited, but the execution time took 15–20 minutes on average. In accordance with the ethics of the study, the principles of anonymity were observed during the experiment. The completed questionnaires were carefully analyzed.

Keywords: positive emotions, negative emotions, associative experiment, language consciousness, psycholinguistics

<https://doi.org/10.48081/MHAL8884>

***Т. Н. Ермакова¹, Д. Ж. Рысқұлбек², Б. Молдағали³**

^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

³Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ТІЛ НЕМЕСЕ ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ ЖОЛДАРЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілінің дамуы мен еркін қолданылуының қажеттігі заң түрінде бекітілген. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қазақ тілін оқыту мен үйрету әдістемелерінің сапасын жақсарту, қазақ тілінің функцияларын кеңейту және оны қолдану мәдениетін арттыру нақты айтылған. Бұл – заман талабы десек, мақаланың тақырыбы да осы бағытта, қазақ тілін екінші тіл немесе шет тілі ретінде оқыту әдістемесіне арналып отыр.

Мақалада қазақ тілін меңгеруде қатысымдық құзыреттілікке қол жеткізу үшін теориялық тұрғыда негізделген, тәжірибеде дәлелденген тиімді технологияны қолданудың маңыздылығы сөз етіледі. Бүгінгі уақытқа дейін қолданылып келген тіл үйретудің көптеген әдіс-тәсілдері оқытудың басты шарттарын қанағаттандыра алмауда. Қазіргі қоғамымызда қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренуге деген қызығушылық пен оны меңгеруге деген ұмтылыс тілді үйретудің ғылыми-әдістемелік негізін қалыптастырудың қажеттілігін тудырды. Соған байланысты мақалада мемлекеттік тіл – қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйрету мәселесінде тілдік дағдыны қалыптастыратын әртүрлі практикалық жұмыстар мен оларды жүргізудің әдістемесі қарастырылған. Соңғы кездері қазақ тілін шет тілі ретінде немесе екінші тіл ретінде оқыту әдістемесінде қатысымдық әдіске ерекше назар аударылып жүр. Тілді грамматикалық ережелерді жаттату арқылы оқытудың тиімсіздігі дәлелденгенмен, коммуникативті әдіс арқылы оқытудың барлық тілдерге ортақ әмбебап моделі жоқ. Сондықтан мақалада ана тілі, екінші тіл, шет тілі ұғымдарының айырмашылығы сараланып,

қазақ тілін оқытудың барынша тиімді деп саналатын әдістері мен ізденістері ұсынылады.

Кілтті сөздер: қатысымдық әдіс, тіл үйренуші, екінші тіл, технология, грамматика

Кіріспе

XXI ғасырдағы тілдік жағдаят адамзат қауымдастығының ауқымды интеграциясы мен полилингвизм кеңістігінде өмір сүруімен ерекшеленеді. Этникалық және лингвистикалық әртүрлілікке негізделген кез келген елде мемлекеттік тілді оқытудың өз қиындықтары бар.

Тіл үйретуде соңғы жылдары мәдениетаралық қарым-қатынасқа қызығушылық артып келе жатыр. Анығырақ айтқанда, белгілі бір елдің мәдениеті туралы мазмұнды түсініктер беретін, тіл үйренушіні қызықтыра алатын әдістер кеңінен қолданылуда. Мысалы, бүкіл әлемде шетел тілі ретінде оқытылатын ағылшын тілі Шекспирді тануға, ұлтты тануға мүмкіндік молайды [1]. Осыған сәйкес барлық мемлекетте билингвал, полиглот болуға ұмтылушылар саны күн санап артып келеді. Бұл әлеуметтік лингвистика ғылымында ана тілі, бірінші тіл, екінші тіл және шет тілі ұғымдарының актуалдануына, жаңаша пайымдаулардың туындауына себепші болды. Өйткені тіл атқаратын функциялардың негізгісі – коммуникативті функция, яғни адамдар арасындағы байланысты қамтамасыз ету функциясы. Тілдік коммуникация белгілі бір материалдық емес мәні бар ақпаратты білім бір адамнан екінші адамға жанама түрде беріледі, олар белгілі бір ортада, адамдар арасындағы қатынаста белгілі бір идеялардың, сезімдердің және адаммен, адамдардың мінез-құлқына байланысты болатын ситуациялық жағдаяттарда көрініс табады [2].

Қазіргі жаһандану дәуірінде ақпарат лезде таралады, адамдарды қамту мүмкіндігі де кең. Осыған орай бір мемлекет ішінде қолданылатын тілдер де түрліше мәртебеге ие болуы мүмкін.

Социоллингвист ғалым Б. Хасанұлы «ана тілі», «ресми тіл», «мемлекеттік тіл» ұғымдарының мәнін аша отырып, ана тіліне қатысты төмендегідей анықтама береді: «ана тілі дегеніміз – күллі тіл атаулыдан ішкі құрылыс ерекшелігімен дараланатын, белгілі бір халықпен нақты кеңістікте тарихи бірге жасап, оның төл мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ұластырушы, сол халық адамдарына (жас, жыныс, сенім, кәсіп, әлеуметтік жағдай айырмасына қарамай) түгелдей және жан-жақты қызмет ететін ұлтшілік қатынас құралы» [3, 25-б.]. Әлеуметтік лингвистика маманы А. Абасилов «ана тілі» терминін: «АНА ТІЛІ (ағылш. Mother tongue) – 1. Баланың жас кезінде үлкендер сөйлеуіне еліктеу арқылы санасыз үйренген тіл. Бұл дағдыны пайдалану ересек адамда сақталуы да, сақталмауы да мүмкін (қара: Тіл онтогенезі, Тіл

филогензі). Ана тілі – Бірінші тіл, Екінші тіл, Шеше тілі, Басым тіл де болуы мүмкін. 2. Этноспен біте қайнасқан тіл, кез келген халықтың тілдік санасында маңызды орын алатын тіл, кез келген этникалық ұжымның даралануында «өзінікі» мен «өзгенікіні» ажырата алу түсінігімен байланысты тіл» деп тұжырымдаса, «бірінші тіл» терминіне: «*Бірінші тіл* ағыл. *first language* – 1. Қостілді адамның тілдерді дербес (онтогенетикалық) тұрғыдан меңгерген мерзімі бойынша бірінші тіл. 2. Функционалдық тұрғыдан бастапқы (артықшылық берілетін) *Үстем тіл*» [4, 69 б.] деп анықтайды. Ресейлік ғалымдардың пікірінше, (Д. С. Ушаков, В. И. Беликов және Л. П. Крысин, Д. Кристал), ана тілі — бұл адам ерте жастан бастап арнайы оқытусыз, тиісті тілдік ортада болатын тіл [5],[6]. Арнайы оқыту кезінде немесе үлкен жастағы тілдік ортада үйренетін тіл екінші тіл деп аталады [7]. Бұл тұжырымдарана тілі мен бірінші тіл ұғымдарының арасына теңдік белгісін қоюға болмайтынын көрсетеді.

Материалдар мен әдістері

Зерттеудің методологиялық негізі тілді оқытудың әлемдік тәжірибеде қолданылатын озық әдістеріне сүйене отырып, отандық және шетелдік ғалымдардың оқыту әдістемесі мен әлеуметтік лингвистикаға, сондай-ақ «шет тілі», «ана тілі», «екінші тіл», ұғымдарына байланысты түрлі көзқарастарды саралау әдісін қолдана отырып, қазақ тілін оқытуда отандық ғалымдар профессорлар Ф. Оразбаеваның тілді қатысымдық әдіс бойынша оқытудағы қатысымдық-танымдық бағдарлы оқыту технологиясы, Ә. Жүнісбектің «Қазақ тілін грамматикасыз оқыту» әдісімен мақала авторы Т. Ермекованың өзгетілді аудиторияда қазақ тілін оқытудағы «ең оңай III жақ» әдістерін негізге алдық.

Тілді ана тілі ретінде үйрету мен шет тілі ретінде үйретудің ерекшеліктерін тұспалды тұғырнамасын ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінен табуға болады. Ғалым «Тіл жұмсар» еңбегінде былай дейді: «Тіл – құрал. Құрал болғанда толып жатқан есепсіз бөлшектері бар, ол бөлшектері түрлі жағымен қиысатын толып жатқан қырлы, тетіктері есепсіз көп бір өте үлкен машина секілді құрал, – дей келіп, ол құралды жұмсаушының екіге бөліп көрсетеді: біреуі – құралдың ішкі-тысқы бөлшектерінің бәрін біліп, олар қалай бір-біріне үйлесіп, үйлескенінен шығатын тетіктер бір-біріне қалай жалғасып, қалай қызмет ететіндігін біліп отырып жұмсаушы. Екіншісі – олардың бәрін білмей-ақ құралдың жұмсауға керегі бар тысқы бөлшектері мен тетіктерін көріп, жұмсау әдісін үйреніп алып жұмсаушы» [8, Б. 335–336].

Ғалымдардың айтуынша, адамзат баласы екі тілді қатар бірдей меңгеруі мүмкіндігіне ие екен. Ғалым А. Абасилов осыған мән бере отырып, бірінші, екінші тіл ұғымдарына төмендегідей сипаттама береді: «...Солардың ішіндегі уақыт жағынан алғаш меңгергені – бірінші тіл болса, кей жағдайда бұл ана

тілімен сәйкес келеді, ал кейінірек немесе қатар меңгерген тілі – екінші тіл болады. Яғни «бірінші тіл», ең алдымен, қостілді адамның уақыт жағынан бірінші меңгерген тілі, функциясы басым тіл. Ал екінші тілге келер болсақ, «ЕКІНШІ ТІЛ (ағыл. *second language*, орыс. Второй язык) 1. Адамдардың жас кезінде меңгеру тәртібі бойынша екінші үйренген тілі. Е.т. – бұл бірінші тілден кейін меңгерілген тіл. Осыған қарағанда Е.т. ана тілімен сәйкес келуі де, келмеуі де мүмкін. 3. Оқу орнында үйрену тәртібі бойынша Е.т. – бұл екінші шет тілі, білім алудың мақсатты тілі» [4, 50 б.]. Бұл берілген анықтамалардың барлығын салыстыра отырып, бірінші тіл мен екінші тілдің, біріншіден, билингвизммен тығыз байланысты ұғымдар екенін, екіншіден, басты көрсеткіштері – меңгеру мерзімі және функциясы екенін байқаймыз.

Қоғамда билингвизм болған жағдайда ғана, екінші тіл ұғымы функционалдық сипатқа ие бола алады. Ал билингвизм болмаса, сәйкесінше ана тілінен кейін / мемлекеттік тілден кейін меңгерілген, үйретілген тілдердің барлығы – шет тілі деген статусқа ие болады [9, 223–224 б.]. Шет тілі ұғымына анықтама берген түрік ғалымы О. Башқан шет тілін бала ана тілін толық сөйлей алғаннан кейін ғана үйренетінін, шетел тілі ана тілімен қатар меңгерілетін процеске қатыспайтындығын сөз етеді [10, 194 б.]. Мәдениетаралық коммуникация терминдерінің сөздігінде «Мектепте меңгерілген және шектеулі қызметте, негізінен, ұлтаралық қарым-қатынаста қолданылатын тіл» – деп анықтама береді [11, 484 б.]. Ал «Әдістемелік терминдер мен ұғымдардың жаңа терминдер сөздігінде»: «1. Басқа елдің тілі. 2. Мазмұны ақпаратты қабылдау және беру құралдарын шетел тілін оқыту болып табылатын оқу пәні. Шет тілі курсының ана тілі курсынан айырмашылығы оқытудың жетекші мақсаты – коммуникативті мақсат, яғни практикалық дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Оқушы шетел тілінде ойын жеткізудің жаңа тәсілдерін меңгеруге келіп тіреледі. Игеру процесі шетел тілінде нақты оқу мақсаттарымен, оқу мазмұнымен, оқыту әдістерімен анықталады. Шетел тілінде оқытудың негізгі мақсаты – практикалық. Ол белгілі бір тақырып және қатаң таңдалған лексика мен грамматика шеңберінде қарым-қатынастың әртүрлі салаларында сөйлеу дағдыларын қалыптастырудан тұрады» деп шет тілі ұғымына анықтама беріледі [12]. Жоғарыда көрсетілген анықтамалардан «шетел тілі», «екінші тіл» ұғымдарының арасында айырмашылықтар болғанымен, олардың басты белгісі индивидтің басты коммуникация құралы боп саналатын тілге оппозиция құра алуында. Сол себептен екінші тілді тіл иесінің ана тілімен байланыста қарау маңызды ма, жоқ па? Бұл мәселелер – тіл үйретушілер үшін қашан да өзекті сұрақтардың бірі.

Нәтижелер және талқылау

Қазақстанда мемлекеттік тілді оқытуға байланысты осы кезге дейін жарық көрген, жасалған қыруар ізденістердің нәтижесін қоғам неге көре алмай отыр? Мектепте он бір жыл бойы «Қазақ тілі» пәнін оқып, оны университетте қайталай оқыса да, түлектеріміздің барлығы бірдей мемлекеттік тілде еркін коммуникацияға неге түсе алмайды? т.т. сұрақ көп. Әлемдік тәжірибеге сүйенер болсақ, кез келген тілді үйренуде өзінің нәтижесін бере алатын ең оңтайлы әдістің бірі – қатысымдық (коммуникативтік) әдіс. Бұл әдіске қатысты қазақ зерттеушілерінің тұшымды еңбектер баршылық. Тіл үйретудегі қатысымдық әдістің теориялық тұжырымын негіздеген профессор Ф. Оразбаева бұл әдіске мынадай анықтама береді: «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзінде асыратын әдістің түрі» [13,78 б.].

Біздің ойымызша, үйренушілердің коммуникативтік қажеттілігі дегеніміз – тілді үйрену барысында қоғам сұранысына сай олардың алдына қоятын практикалық міндеттері мен мақсаттары, яғни тілді үйрену барысында байқалатын коммуникация кезіндегі зәрулік. Демек, тіл үйренушінің коммуникативтік қажеттілігі – бұл олардың тілді шынайы қолдануда білім, білік, дағдыны қалыптастыру барысындағы белсенділіктерінің ішкі қозғаушы күші. Үйренушінің коммуникативтік қажеттілігіне сай таңдалынып алынған оқу материалдары міндетті түрде олардың оқуға деген ынтасын қозғап, қызығушылығын туғызуы керек, мұның өзі оқу барысында кездесетін қиындықтарға төзе білуге дайын болуына көмектеседі. Бұл тілді үйрену үдерісінде маңызды жетістікке жетуге көмегін тигізеді. Сондықтан тіл үйрену мәселесі, алдымен лексикалық қордың болуын қажет етеді [14].

Дәстүрлі әдістемеде тілді оқытуды төл дыбыстардың ерекшеліктерін үйретуден бастайды. Сосын деңгейлік грамматика лексикалық тақырыптар аясында беріледі. Ендігі сұрақ: «тілді грамматикасыз үйретуге бола ма?» Бұл мәселеде ғалымдардың пікірі сан алуан. Егер тілі шықпаған баланың тілдік санасы жаңа парак секілді деп қарасақ, ол тілді грамматикасыз-ақ үйренеді. Бұған қарағанда тілді грамматикасыз үйрену мүмкіндігін жоққа шығара алмаймыз, бірақ тілдік санасы қалыптасқан, өзінің ана тілінің модельдері тілдік санасында тұрақталған тіл үйренушілер үшін мұндай тұжырым жасау қиын.

Тілді үйрену процесі табиғи ортада да, арнайы мақсат қою арқылы да жүзеге асады. Алғашқысы күнделікті коммуникацияда жиі еститіндіктен, әрі тіл тұтынушымен еркін коммуникацияға түсу мүмкіндігі жоғары

болғандықтан, тиісінше тіл үйренушінің санасында орнығу, сіңу мүмкіндігі де жоғары. Ал табиғи орта жоқ жерде тілді үйрену оңай емес. Мұндайда тіл үйренушінің мүддесі мен ынта-жігерін, жалпы қызығушылығын ояту маңызды. Сондықтан да тіл үйретуде тілге толық ену (метод погружения), жасанды табиғи орта тудыру, қызығушылыққа орай оқыту (обучение на интересе) т.т. әдістерді ұсынуда. Бұл әдістер арқылы тіл үйренуде, негізінен, жекеленген лексикалық бірліктерді автоматтандыру (автоматты түрде жаттап алу), өз тіліндегі ұқсас сөздермен ассоциялау т.т. әдістер өз нәтижесін беруде. Ал грамматиканы қалай үйренеміз? Бұл мәселеде қалыптасқан барлық тілге ортақ әмбебап тұрақты әдіс жоқ. Тілдік санасы қалыптасып қойған тіл үйренуші үйренетін тілдің грамматикасын меңгеруде қиындықтарға ұшырайды. Сондықтан грамматиканы үйренуде бірінші кезекте психологиялық кедергіні жеңуге мән берілуі тиіс. Мысалы, қазақ тілінің грамматикасын үйретуді фонетика, оның ішінде осы тілге тән ерекше дыбыстары, бұл дыбыстардың айтылым ерекшеліктері жайында сөз қозғау қаншалықты нәтижелі? Бұл тіл үйренушінің психологиялық кедергісін жоя ала ма? Бірақ бұл қазақ тілінің өзіне тән дыбыстарын оқытудан бас тарту қажет деген сөз емес.

Тілдік коммуникацияны жүзеге асырудағы басты бірлік – сөйлемнің орталығы – субъект-предикаттық қатынас. Қай тілде де субъектінің сөйлемдегі басты көрсеткіші – атау септігі. Ал предикаттың басты көрсеткіші – жіктік жалғаулары. Қазақ тілінің грамматикалық құрылымының тіл үйренуші тұрғысынан қарағанда ең оңтайлы тұсы – III жақ. Неге III жақ? Өйткені тіліміздің басты ерекшелігінің бірі – қосымшалар сингармонизм заңдылығы бойынша сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай түрленіп жалғануында. Бірінші және екінші жақта сингармонизм бойынша жіктік жалғаулары түрленіп жалғанса, III жақта оның арнайы формасы жоқ. Сондай-ақ түркі тілдерінің үндіеуропа тілдерінен басты ерекшеліктерінің бірі – род категориясы жоқ. Міне, осы тұсты оңтайлы пайдалана отырып, бірінші күннен бастап бірден сөйлеп үйрену үшін «ең оңай 3-жақ» идеясын ұсынамыз.

Сондықтан алғашқы сабақтан бастап үшінші жақта сөйлем құрау жеңіл болатынын төмендегі кестеге назар аудару арқылы көз жеткіземіз:

Орысша	қазақша
Он образованный Она образованная	Ол білімді
Марат – учитель Томирис – учительница	Марат / Томирис – мұғалім
Он – студент Она – студентка	Ол - студент

Мұндай сөйлемдерді қолдану үшін сөздік қана қажет.

Ал предикаттық сын есімді сөйлемдерге зат есімді тіркестірсек, бұл зат есім сөйлемнің предикатына айналып, ал сын есім зат есімнің атрибутына айналады. Жай сөйлемнің іргесі кеңігендіктен, жайылма сөйлемге трансформацияланады. Бірақ тіл үйренуші үшін жай, жайылма сөйлемнің аттарын жаттау маңызды емес, бұл жерде маңыздысы – қарапайым үлгіден сөйлемнің күрделірек формасын қолдана білуінде.

Ол жақсы — Ол жақсы бала / ұл / қыз. Он (Она) хороший / -ая — Он (Она) хороший / -ая ребенок / мальчик / девочка.

Мұндай (субъектілік) жіктеу есімдігімен үшінші жақта жіктік жалғауының нөлдік тұлғасында (өзгеріссіз) келіп, предикаттық қатынасқа түсетін етістіктер – қалып етістіктері мен модаль сөздер: *тұр - стоит, отыр - сидит, жүр - ходит, жатыр - лежит, бар - есть, жоқ - нет, қажет / керек т.б.*

Мұндай сөздер дара қалпында осы шақта жұмсала алады.

Ол / Олар тұр (бар, жоқ, қажет). (Он / Она стоит / Они стоят (есть, нет, нужно).

Ол / Олар отыр. (Он / Она / сидит / Они сидят (есть, нет, нужно).

Ол / Олар жүр. (Он / Она ходит / Они ходят (есть, нет, нужно).

Ол / Олар жатыр. (Он / Она лежит / Они лежат (есть, нет, нужно).

Кітап / дәптер керек (бар, жоқ) (Нужна (есть, нет) книга (и) /), тетрадь(и)

Қажет, керек сөздері – өзара синонимдес және олар қимыл есімі (тұйық етістік) формасындағы (-у) сөздермен еркін тіркесу қабілетіне ие. Оқу / көру, бару / айту + қажет / керек.

Сонымен, атау тұлғадағы жіктеу есімдіктері мен зат есімдер арқылы үшінші жақта тұрып, сөз тұлғасын өзгертпей субъект-предикаттық қатынасты құрайтын, еш қиындықсыз сөйлесімге түсуге мүмкіндік беретін төрт модель бар:

Ол (немесе атау тұлғадағы есімдер) + предикаттық зат есім Ол / Дархан / Айнұр – мұғалім.
Ол (немесе атау тұлғадағы есімдер) + предикаттық сын есім Ол / Дархан / Айнұр + білімді / ақылды / алғыр.
Ол (немесе атау тұлғадағы есімдер) + предикаттық қалып етістіктері Ол / Дархан / Айнұр + отыр / тұр / жатыр / жүр.
Ол (немесе атау тұлғадағы есімдер) + предикаттық модаль сөздер (қажет, керек, бар, жоқ) Ол / Дархан / Айнұр + қажет / керек / бар / жоқ.

Осы негізде өзгермейтін III жақты игеріп болған соң, III жақтың өзгертін формаларына, тәуелдеу есімдіктері мен объектілік есімдіктер

мен қосымша, шақ түрлері т.т. сияқты коммуникацияда белсенді қызмет атқаратын формаларға біртіндеп ауысуға болады.

Осылайша, тіл үйретуді лексикалық бірліктерді, грамматикалық анықтамаларды жаттатудан емес, басты тілдік модельдерді меңгеруден бастаған жөн.

Ғалымдар дайын модельдерді жаттату арқылы да тілдік коммуникацияға түсуге болатынын айтқанымен, ол тіл үйренушіде жүйелі, іргелі ойлау процесінен өтіп, құрылым ретінде қалыптасқан ақпарат, білім қоры негізінде қалыптаспайтынын көрсетеді: «Қысқа уақытқа жадыда сақталған дайын, ойсыз қолданылатын формалар ретінде қолданысқа түседі. Білім алушыда тілдік білім қалыптасуы үшін оның таным белсенділігі арттырып, дайын ақпаратты қабылдаушы ғана емес, ойланушы, сараптаушы тұлғаға айналдыру керек» [15]. Бұл не деген сөз? Айталық, тіл үйренуші белгілі бір сөйлеу моделін үйренді. Ендігі кезекте еркін коммуникацияға түсу үшін лексикалық бірліктер сұрыпталуы керек. Яғни тіл үйренуші үшін семантикалық сөздік қажет.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР БҒМ БҒСБК 2021–2023 ж. Мемлекеттік грантымен қаржыландырылған АР09259496 «Қазақ тілін сандық ресурстар арқылы ұлттық бренд негізінде меңгерту» жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Тілді екінші немесе шет тілі ретінде оқытуда әлемдік тәжірибеде көптеген әдістер қолданылады. Тілді оқытудың дәстүрлі, классикалық әдісін қазіргі ұрпақ толық қабылдай бермейді. Қазіргі замандағы тіл үйренуші тіл үйретушіден жаңа әдіс-тәсіл күтеді. Тіпті тіл үйрену процесі өмірдің өзі секілді: тез, жылдам, оңтайлы, жеңіл болу мен прагматиканы талап етеді. Сондықтан да жоғарыдағы жобаны ұсыну барысында қазақ тілін ұлттық бренд негізінде дәстүрлі тәсілдерден гөрі елтанымдық, мәдениеттанымдық материалдармен сабақтастыра оқытуда тілге толық ену, жасанды табиғи орта тудыру, қызығушылыққа орай оқыту т.т. әдістермен бірге грамматикалық материалдарды игертуде де қазақ тілінің өзіне тән ерекшелігін ескере оқыту жөн деп санаймыз.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Idoya, P.** Literature in language learning in the UK context: from current A-levels to university. Literature in language learning: new approaches. Ana Bela Almeida, Ulrike Bavendiek, and Rosalba Biasini (Ed.) [Text] / [Electronic resource].- <https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED608127.pdf>

2 **Ryskulbek, D.** Functional and parametric mapping of the semantics of phraseological units in intercultural space (Cartographie fonctionnelle et

parametrique de la semantique des unites phraseologiques au sein de l'espace interculturel) [Text] // Xlinguae. – 2021. № 4. – 155–170 б.

3 **Хасанұлы, Б.** Ана тілі – ата мұра (Қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны) [Текст] – Алматы : «Жазушы», –1992. – 272 б.

4 **Абасилов, А.** Әлеуметтік лингвистика сөздігі [Текст] - Қызылорда, 2008. –145 б.

5 **Беликов, В. И., Крысин, Л. П.** Социоллингвистика [Текст] – Москва : Издательский центр РГГУ, –2002. – 230 б.

6 Толковый словарь русского языка (Под ред. Д.Н. Ушакова) [Текст] – Москва : Гос. ин-т «Сов. энцикл.», 1935-1940. – 560 с.

7 **Crystal, D.** The Cambridge Encyclopedia of Language / Second edition [Text] – Cambridge : Cambridge University Press. 1997. – 372 б.

8 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағылымы [Текст] – Алматы : «Ана тілі», – 1992. – 444 б.

9 **Özcan, B.** Yabancı Dil Öğretim İlkeler ve Çözümler, Multilingual Yabancı Dil yayınları [Text] – İstanbul, – 2006. – 245 p.

10 **Ермекова, Т. Н., Мырзабай, А. У.** «Екінші тіл» терминіне берілген социоллингвистикалық анықтамалардың салыстырмалы сипаты [Текст] // VII Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Sempozyumu. – Niğde, – 2020. – 223–232 б.

11 **Жукова, И. Н., Лебедько, М. Г., Прошина, З. Г., Юзефович, Н. Г.** Словарь терминов межкультурной коммуникации [Текст] – М. : Наука, – 2013. – 632 с.

12 **Азимов, Э. Г., Щукин, А. Н.** Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам) / Москва : Издательство ИКАР, – 2009. – 448 с.

13 **Оразбаева, Ф.** Тілдік қатынас : теориясы мен әдістемесі [Текст] – Алматы, – 2000. – 256 б.

14 **Ермекова, Т.** Коммуникативтік қажеттілік – тіл үйренудің басты факторы [Электронды ресурс]. // URL:<http://groupglobal.org/kk/publication/15969-kommunikativtik-kazhettilik-til-uyrenudin-basty-factory>

15 Қазақ тілін оқытудың когнитивті бағыты [Электронды ресурс] // <https://tilalemi.kz/article/30>

References

1 **Idoia, P.** Literature in language learning in the UK context: from current A-levels to university. Literature in language learning: new approaches. Ana Bela Almeida, Ulrike Bavendiek, and Rosalba Biasini (Ed.) [Text]. / [Electronic resource].- <https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED608127.pdf>

2 **Ryskulbek, D.** Functional and parametric mapping of the semantics of phraseological units in intercultural space (Cartographie fonctionnelle et parametrique de la semantique des unites phraseologiques au sein de l'espace interculturel) [Text]. // Xlinguae. – 2021. № 4. – pp. 155–170

3 **Hasanuly, B.** Ana tili – ata mura (Qazakq tilinin zher zhuzi tilderi zhuyesindegi alatyn orny) [Native language is the heritage of ancestors (The role of the Kazakh language in the system of world languages)] [Text]. / -Almaty : «Zhazushy», –1992. – 272 p.

4 **Abasilov, A.** Aleumettik lingvistika sozdıgı [Dictionary of sociolinguistics] [Text]. – Qyzylorda, – 2008. – 145 p.

5 **Belikov, V. İ., Krysin, L. P.** Sociolingvistika [Sociolinguistics] [Text]. – Moscow : İzdatelski sentr RGGU, – 2002. – 230 p.

6 Tolkovyi slovar ruskogo yazyka [Explanatory dictionary of the Russian language] / Pod red. D. N. Ushakova [Text]. – Moscow : Gos. in-t Sov. encycl.1935-1940. – 560 p.

7 **Crystal, D.** The Cambridge Encyclopedia of Language / Second edition [Text]. –Cambridge : Cambridge University Press. –1997. – 372 p.

8 **Baitursynov, A.** Tıl tagylymy [Language tradition] [Text]. –Almaty, «Ана тілі», – 1992. – 444 p.

9 **Özcan, B.** Yabancı Dil Öğretim İlkeler ve Çözümler, Multilingual Yabancı Dil yayınları [Principles and solutions for teaching foreign languages. Multilingual publications in foreign languages] [Text]. – İstanbul, – 2006. – 245 p.

10 **Ermeкова, Т. Н., Мырзабай, А. У.** «Екінші тіл» терминіне берілген социоллингвистикалық анықтамалардың салыстырмалы сипаты [Comparative characteristics of sociolinguistic definitions of the term «second language»] [Text]. // VII Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Sempozyumu. – Niğde, –2020 223–232 p.

11 **Zhukova, İ. N., Lebedko, M. G., Proshina, Z. G., Yuzefovich, N. G.** Slovar terminov mezhkulturnoi komunikacii [Glossary of terms of intercultural communication] / pod red. M. G. Lebedko i Z. G. Proshina [Text] – Moscow : Nauka, – 2013. – 632 p.

12 **Azimov, E. G., Şhukin, A. N.** Novyi slovar metodicheskikh terminov i ponjatii (teoria i praktika obuchenia yazykam). [A new dictionary of methodological terms and concepts (theory and practice of teaching languages)] [Text]. – Moscow : İzdatelstvo İKAR, – 2009. – 448 p.

13 **Orazbaeva, F.** Tıldik qatynas: teoriyasi men adistemesi. [Linguistic Communication: Theory and Methods] [Text] – Almaty, – 2000. – 256 p.

14 **Ermeкова, Т.** Kommunikativтік qazhettılık – тіл үйренудің басты факторы. [The communicative need is a key factor in language learning] / [Electronic

resource]. – <http://group-global.org/kk/publication/15969-kommunikativtik-kazhettilik-til-uyrenudin-basty-factory>.

15 Qazaq tilin oqytudyn kognitivti bagyty [Cognitive direction in teaching the Kazakh language] [Electronic resource] – <http://tilalemi.kz/article/30>.

Материал 12.12.22 баспаға түсті.

*Т. Н. Ермекова¹, Д. Ж. Рыскулбек², Б. Молдағали³

^{1,2}Казахский национальный женский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Алматы;

³Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Республика Казахстан, г. Алматы

Материал поступил в редакцию 12.12.22.

ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ КАК ВТОРОМУ ИЛИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Необходимость развития и свободного использования казахского языка, государственного языка Республики Казахстан, утверждена законодательно. В государственной программе по осуществлению языковой политики в Республике Казахстан на 2020–2025 годы конкретно обозначены улучшение качества методик обучения и овладения казахским языком, расширение функций казахского языка и повышение культуры его использования. Это - требование времени, и тема нашей статьи также перекликается с методикой обучения казахскому языку как второму или иностранному. В статье рассматривается важность использования эффективных технологий для достижения коммуникативной компетенции, обоснованных с теоретической точки зрения и апробированных в практике. Многие методы и приемы обучения языку, которые использовались до сегодняшнего дня, не могут удовлетворить главные условия обучения. Интерес к изучению казахского языка как второго и стремление к овладению им в современном обществе породили потребность формирования научно-методической основы обучения языку. В связи с этим в статье рассматриваются различные практические работы для развития языковых навыков и методика их проведения при обучении государственному - казахскому языку представителей других национальностей. Поэтому в статье анализируются различия между понятиями родной язык, второй язык, иностранный язык и

предлагаются наиболее эффективные методы и практики в обучении казахскому языку.

Ключевые слова: коммуникативный метод, изучающий язык, второй язык, технология, грамматика.

*Т. Н. Yermekova¹, D. Zh. Ryskulbek², B. Moldagali³

^{1,2}Kazakh National Women's Teacher Training University,

Republic of Kazakhstan, Almaty

³Abai Kazakh National Pedagogical University

Republic of Kazakhstan, Almaty

Material received on 12.12.22.

EFFECTIVE METHODS OF TEACHING KAZAKH AS A SECONDARY OR FOREIGN LANGUAGE

The need for the development and free use of the Kazakh language, the state language of the Republic of Kazakhstan, is approved by law. The state program for the implementation of the language policy in the Republic of Kazakhstan for 2020–2025 specifically outlines the improvement in the quality of teaching methods and mastery of the Kazakh language, the expansion of the functions of the Kazakh language and the improvement of the culture of its use. This is a requirement of the time, and the topic of our article also echoes the methodology of teaching Kazakh as a second or foreign language. The article considers the importance of using effective technologies to achieve communicative competence, justified from a theoretical point of view and tested by experience. Many of the methods and techniques of language teaching that have been used until today cannot satisfy the main conditions of teaching. Interest in learning the Kazakh language as a second language and the desire to master it in today's society have given rise to the need to form a scientific and methodological basis for teaching the language. In this regard, the article discusses various practical works for the development of language skills and the methodology for their implementation in teaching the state - Kazakh language to representatives of other nationalities. In this regard, Kazakh scientists have good research. Therefore, the article analyzes the differences between the concepts of native language, second language, foreign language and offers the most effective methods and research in teaching the Kazakh language.

Keywords: communicative method, language learner, second language, technology, grammar.

<https://doi.org/10.48081/JXDT7058>

*Қ. Т. Жанұзақова¹, Н. А. Айтбаева²

^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ҚУАНДЫҚ ТҮМЕНБАЙДЫҢ «ЖАСЫЛ ЖАНЫП ТҰРҒАНДА» ХИКАЯТЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ

Мақалада тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің өкілі Қ. Түменбайдың «Жасыл жанып тұрғанда» хикаятындағы психологизм көріністері талданады. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі хикаят жанрындағы психологизм мәселесі әлі күнге дейін зерттеліп жатыр. Белгілі бір кейіпкердің өмірдегі орны мен тұлғалық болмысын жоғалтып алмас үшін жанталасқан әрекеті оның психологиялық сипаттамасы болып шығатыны белгілі. Көркем шығармадағы кейіпкердің сыртқы болмысына көбірек мән беріп, ішкі әлемі қалыс қалып жататын тұстар болады. Көркем шығарманың басты нысанасы адамның ішкі, сыртқы болмысы шынайылықпен сомдалуы тиіс, осы тұрғыда адам жанын жандандырудың басты тәсілі психологизмнің алатын орны ерекше. Қаламгер өз туындысында кейіпкердің ішкі әлеміндегі ахуалдарды түрлі психологиялық әдістер арқылы сипаттаған. Негізгі кейіпкердің балалық шағында көрген психологиялық жарақаттары, есейген шағында өз баласында қайталануы рухани сабақтастыққа жетелейтіні, хикаяттың реалистік сипатта жазылып, қазіргі қоғамда көтеретін әлеуметтік жүгі туралы қорытындылар жасалды. Мақалада басты кейіпкер ойының ұдайы шиеленісуін, бір тоқтамға келе алмауын, ішкі қақтығыстарын түрлі психологиялық әдістер арқылы көрсеткен автордың жазу шеберлігін зерттедік. Автор хикаятқа арқау болып отырған бас кейіпкер Отарәлінің ішкі дүниесі мен қосалқы кейіпкерлер арасында болып жатқан іс-әрекеттерді, оның өмірінде орын алып жатқан оқиғаларды баяндай отырып, нақты шешім шығаруды оқырманның өзіне қалдырады.

Кілтті сөздер: хикаят, монолог, реализм, психологиялық әдіс, диалог, портрет, психологиялық ахуал

Кіріспе

Жазушының әрбір қалам тербеген ойының салмағы – қоғамда болып жатқан кереғар әрекеттер мен жеке адамдардың сол оқиғаларға деген арақатынасын байланыстыра қорытып, көркем шығармаға айналдыруымен көрініс табатын сыңайлы. Әр тағдырдың тұлғалық болмысқа әсер етуімен оның ішкі тебіреністері, саналық серпілістері, дүниені қабылдау көзқарастары қалыптаса бастайтыны анық. Осы жолда, әрбір көрген бейнеті мен қайғысы, жолыққан сынағы оны әр түрлі әрекеттерге бастап, саналы, тіпті кейде бейсаналы түрде қадам жасауына түрткі болады. Қилы кедергілерде адам сабыры мен кейде даналығымен сыналып, тіпті кейде күтпеген жерден соққы жасайтын қалтарыстарда, өзіндік болмысын жоғалтып, екіұдайлы сезімнің жетегінде, сарсаң күймен күн кешіп те жатады. Оның барлығы сыртқы фактордың адамның ойлау қабілетіне әсер ете отырып, әрекетке жетелеуі. Осыдан келіп, ішкі ойлау жүйесінде психологиялық күрес амалдары туындайды.

Дәл осы адам кейіпінің көркем әдебиетте бейнеленуі психологиялық ерекшелік ретінде қарастырылады. Әдеби кейіпкер мен шынайы өмірді шығармасында үндестіретін, ғажайып қиялды емес, күнделікті болып жататын реалистік оқиғаларды байланыстыра отырып, шебер суреттейтін автор ретінде Қуандық Түменбайды атауға болады. Жазушының өзгеден ерекшелігі – оқиғаның өне бойында адамның өзіне бағына қоймайтын ішкі толғаныстарындағы арпалысқан екіұдайлы, беймәлім, шиеленіскен сезімдерді толық жандандыра алуында.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің материалы ретінде жазушы шығармашылығын зерттеуге арналған отандық ғалымдардың еңбектері алынды. Тақырыпқа арқау болған хикаят және жазушы туралы пікірлер мен әдеби баға білдірген ғалымдардың еңбектері алынды. Сонымен қатар, осы мақаланың негізгі тақырыбын ашу мақсатында, психологизмнің негізгі ерекшелігін талдау үшін арнайы зерттеулер мен мысалдар келтіріп, шетелдік ғалымдардың да еңбегі негізге алынды.

Мақаланы жазу барысында сараланатын материалдарды топтастыру, мәтіндік талдау және жүйелеу, психологиялық, салыстырмалы-тарихи, герменевтикалық әдіс-тәсілдер қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Хикаят жанрындағы психологизм мәселесін зерттеу өте күрделі. Психологизм - тек қана әрекеттер көрінісі емес, бүтіндей өмір сүру дағдысы. Яғни, ол біріншіден адамның тұлғалық кейіпін назарға ала отырып, ол тудырған әрбір амал мен әрекеттің бүтіндей бірлігін жинақтап, сол басты бейненің өзіндік тағдырына айналдырады. Демек, психологиялық күй, оның

болмысының ішкі тебіренісі, сыртқы әрекеті, күнделікті дағдысы, өмірлік жолы. Сонда психологизмді зерттеу арқылы, сол кейіпкердің толықтай саналық қабылдауларынан бастап, бейсаналық ғұрыптарына дейінгі талас пен тартыстың, мұң мен қайғының, қуаныш пен өкініштің бір-бірімен соғысып жатқан ішкі текетіресін зерттейміз.

Қуандық Түменбай – тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінде өмірдің көлеңкелі жақтарын сынап, қоғамдағы келеңсіздіктерді арамызда жүрген замандастарымыздың өмір тіршілігі арқылы жеткізіп жүрген, қаламы ұшқыр, тілі уытты қаламгерлеріміздің бірі. Автор ерекшелігі де сол, қазіргі заманғы жаңашылдық пен өзгеше мәселелердің өрнектелуі, дәл қазіргі адамдардың маңдайына сор болып жабысқан заманның ауыр машақатын өн бойына жинай отырып, салмақты оқиғалармен шендеген хикаяттары адамды толғандырмай қоймайды. Қазіргі уақытта әлі де көп жазушылар тарихи кезеңдердің тудырған мәселесін талқылап, мінберіне жетіп қойған тақырыптардың айналасынан шыға алмауда. Сол себепті де, әрбір өтімді, өзекті шығарманы ұсыну үшін, автор қоғам қажеттілігі мен адамдардың сұранысын саралай алуы керек. Бұл туралы қаламгердің өзі де прозаның әдебиеттің ауыр артиллериясы екендігін айтып, артиллерия алысқа ату үшін жазушыға мықты дайындық керектігін атап өткен. Адам сезімдерінің шиеленісін, оның сол күйдегі жан тебіренісін шығармаға негіз етіп, реалистік көзқараспен оқиғаны тізбектейтін Қ. Түменбайдың әдеби қолтаңбасы өзгеден өзін ерекшелейтін басты қаруы іспеттес.

Қ. Түменбайдың қаламының құдіреті туралы С. Оспан: «Ұлы жазушымыздың бірі – Ғабит Мүсіреповтің «Мына өмірде үн-түнсіз шешен адамдар болады» – деп айтқанындай, оған қоса Абай бабамыздың «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» дегендей қағидаларының бәрін бір бойына сіңіріп, жеке ой-санасымен өзінше өрнектейтін бір жан болса, ол Қуандық па деп қалам. Екіншіден, біздің бұл заманда көңілге қонбай көзге ұратын көріністің көмейдегі айтарын тап басып, өз көркімен қағаз бетіне түсіре алатын бір жазушы болса, мен тағы да осы Қуандық інімді айтар едім. Демек, біздің Қуандықты – өзіндік соны жолымен, айқын бетімен, адал еңбегімен өз оқырмандарының ортасынан ойып тұрып өз орнын алған жазушы демеске хақымыз жоқ» [1] - деп пікір білдіреді.

Қ. Түменбайдың «Жасыл жанып тұрғанда» хикаятына тән өзгешелік – қат-қабат оқиғалардың көрінісі болмаса да, сол бір өткеннің өкінішін оймен тұжырымдау, тіпті шешілмеген өкініштер, жауабы жоқ сұрақтар, бейсаналық әрекеттер, жеккөрініш пен сағыныштың қабаттаса өрбіп, алмасып тұруы. Сол арқылы кейіпкердің жаны шырқырап, жер басып жүргенімен, ойы қалықтап, қайырылғанымен табыса алмай, өткенін жібере алмайтын үнемі арпалысқан үздіксіз ойлардың санасын шатастыруы арқылы психологиялық

көріністердің шиеленісуі негізінде кейіпкердің болмысын толықтырып, оның өмірін айшықтайды. Хикаят басында Ахмет Иассауи кесенесінің жанынан күнде өтетін Отарәлінің тіршілігі суреттеледі. Әзірет Сұлтан кесенесінің жанынан өтіп бара жатқан Отарәлінің бір кездердегі Түркістанға деген ішкі сағынышынан бастау алады. Жер үстінде, адамдардың арасында жүрсе де, оның жүрегінде сарғайып кеткен өткеннің белгісіне деген өлшеусіз сағынышы бар. Ол Әзірет Сұлтан тәрізді жусанды иіскегенде басылмайды, керісінше ұлғая түседі. Бірақ, алысты жалғайтын пойыздардағы ығы-жығы тіршілігі ғана оның бойындағы сезімді сейілдіреді. Ағылған адамдар тобын көріп, құмарын қандырады. «Ал сағынышы көкірегінде теңізге соққан толқындай лықсып, тасып тұрар еді» [2, 12]. Ол өзгені емес, өзі өзегінен тепкен жары екеуінің ортақ перзенті Избасарын деген аңсау сезімі болатын. Ұлының өзін іздеп келмесін жақсы түсінсе де, бейнелердің арасынан «келіп қалар ма» деген алдамшы үмітінің өзі, оны бір сәттік қайғысынан ажырата тұратындай. Жазушы кейіпкерге жаңа өмір сыйламай, қылған әрекетінің азабын тартқызу арқылы, өмірлік заңдылықтың көрінісін айшықтай түскендей. Өзі қашқанымен, оның күндіз де, түнде де ішкі сезіміне тыныштық бермеу арқылы, күнәлі істің жазасын қай шетте жүрсең де арқалауға мәжбүр екендігін аңғартатындай. Оған психологиялық жүк артып, үнемі сағыныштың отында күйдіру арқылы, жасаған қателігі үшін жазаны жүрегіндегі тыныштықты алу арқылы өтегіп жатқандай. Осы орайда кейіпкердің ішкі әлемінің көрінісін Ахмет Байтұрсынұлы «толғау» деп алып, толғағанды айтатын адамның толғауын тысқары ғаламнан емес, ішкергі ғаламнан алатынын, әуелі көңіл-күйінің мұңын, күйішішін шер тарқату үшін толғайтынын айтқан [3, 104].

Хикаяттың өне бойы тұнған қоғамдық мәселе, психологиялық тебіреніс, санаға салмақ түсірер өмірлік мәселелердің тізбегі. Психологиялық байланыс арқылы, өз ұлына қамқорлық таныта алмай, алыстан аңсаған әкенің балалық шағына шегініс жасасақ, өзі де жетім болғандығын білеміз. Бірақ, ол өз тағдырына қарағанда ұлының қайғысын жеңіл көретіндей. Баласын көрмегелі екі жыл, жиырма төрт ай. Бірақ оның жанында шешесі бар, сондықтан ол жетім емес, жалтақ деп бағамдайды. Ал, өзінің тоғыз әйел алған әкесімен шешесіз өткен күндерін тірі жетімдік ретінде санайды. Яғни, бұл жердеде автор кейіпкердің кей әрекеттерінде түпсаналық байланыс арқылы, қайтарым, яғни, өмірдің кей сәттерінің айналым заңдылығы арқылы өрбейтіндігін суреттеп тұрғандай. Он жасында анасынан жетім қалып, баласына да дәл сол күйді тудыртуы да бекерлік емес. Ол оның өмірлік жолының соқпағы Отарәлінің осы күйіне түсуіне себепкер деп ойлайтын адамдары: Сәния және Үміт. Сәниямен жиырма жыл отандасқанымен, оның шалыс басқан қадамын кешірмей, жиырма жасар Үмітті көңілде етуі де кейіпкердің

ішкі қарсылықтары мен тығырықтан шығудың сәтсіз жолын таңдағанын көрсетеді.

Өз күйеуімен кетіп бара жатқан жас сұлудың бейнесін көріп, ашуға булыққан Сәния қол шатырмен қыздың басын жарып, Үмітті өлім мен өмір арасындағы арпалысқа ұшыратуы, жауапкершіліктен қашып, қорқақтыққа басып, оқиғадан басын ала қашқан Отарәлінің әрекеті, соңында Үміттің өмірден ерте озуына алып келді. Осы мәселесе өмірде орын алып жатқан жайттар болғандықтан, психологизм мәселесін зерттеуші Б.Майтановтың «психологизм сөз жоқ реализмге апарар сүрлеу» [4, 56] - деген пікіріне толық сүйенеміз. Әуел бастан, әйелінің ішкі эмоционалды әрекетін түсіне алмай, екінші бір қызбен көңіл көтерген Отарәлінің дәл сондай күрделі мәселе туындағанда бастапқы әрекетінен танбай, оны шешуді емес, тек қашуды ойлайтыны белгілі болған. Бұл айна қатесіз қоғамның дерті. Соңында, автор қанша жер ауыстырып, қателігінен құтылғысы келген Отарәліні бақытты етпейді, керісінше оның жан диалектикасына үңіліп, өзін-өзі талдауына мүмкіндік береді. Бұл шығармадағы Отарәлінің әрбір қателігі мен күнәларын тысқары ғаламнан алмай, ішкі әлемнің көрінісі, өткен балалық шақтарындағы өз басына туындаған қиындықтарының нәтижесі, тәрбиесінің жемісі ретінде көрсетеді.

Сонымен қатар, шығарма барысында им-ишарат, бет әлпеттің бір оқиғаға сай реакция беруімен байланысатын оқиғалар легі бар. Яғни, дене (тән) тілі – қарым-қатынас үстінде өте көп ақпарат білінетін коммуникацияның ерекше құралы деп қарастыра отырып, сол әрекеттер арқылы кейіпкерлердің саналық қабылдауы мен сол сәттегі күйінен хабар алуға болады. Бұл туралы психолог жазушымыз Ж.Аймауытов кейіпкерді яғни адамды психологиялық бақылау барысында бет-бейненің алатын орнын айқындап, кісіні қылығына қарап сынайтынымызды, көзге көрінетін қимылдардың бетке тиесілі екендігін атап өткен [5, 104]. Мысалы: «Жанарын бір ретте мүлт жібермеді. Отарәліге тесіле қарады. Сосын бірдеңе айтқысы келгендей ернін жыбырлатты, бірақ естілмеді». Бұл Үміттің ажалмен арпалысып жатқан кезі. Бірақ ол ишарасында белгісіз мән қала берді. Себебі, сол бір қимылдан кейін ол жас қыз өлімнің құшағында кете барды. Отарәліні қинайтыны да сол. Оның соңғы кейпіндегі жанарында қорқақтық танытып, қашып кеткеніне ренжулі болды ма немесе құрсағында бала кетті ме?! Мүмкін Избасарының жалғасы сол бір үнсіздікпен аяқталған қоштасумен бірге ол перзент те мәңгілікке аттанып кеткен болар. «Үміт бар ма? – деп сұрады Отарәлі ерні дірілдеп. Бір қорқақтығы қансырап жатқан кезінде қашып кетуімен көрінсе, екінші әлсіздігі арпалыста жатқан бойжеткеннің өлім құшуынан сескенеді. Қанша жерден жүрегіне уайым түсіп, өз денесімен білдіртіп тұрсада ол әйелінен батып, өмірден өткелі жатқан Үміттің жанында отыра да алмады. «Сәнияның

жұмыртқадай өңі қара түске боялды» [2, 18]. Оғанда екі себеп бар. Бірі: өз қол жұмсаған арудың халінің мүшкілдігіне мазасызданғаны болар. Бірақ, оның ойында аяушылықтан көрі қызғаныш басым болатын. Оған Отарәліні соңғы тілдесуге де үлгіртпей, үйіне алып кетуі дәлел.

Ым-ишарат мәселесінде шетелдік ғалымдардың еңбектерінен мәліметтер алуға мүмкіндіктер бар. Белгілі классик Лорд Честерфилд: «Ақпаратты әңгімелесушіден тек естіп қана емес, көріп те үйреніңдер» [6, 12] деген пікірінде дәл осы ым-ишараттың әрекетке тікелей қатыстылығын, тіпті кейде ауыздағы сөз емес, дене тілінің ақиқатты анығырақ көрсететінін жеткізгісі келгендей.

Автор Үміт қыздың бақилық болуының бір себебі өз-өзіне қол жұмсауынан екендігін баяндап өтеді. Жай баяндап өтпейді, өзгенің отбасын ойрандаған қыздың ішіндегі алпауыт сезімдер өзін қоярға жер таптырмайды, психологизмнің бұл сипатын тұлғаның екіге жарылуы деп айтамыз. Ішкі сезімдері өзіне қарсы шыққан Үміттің өз-өзіне қол салауы ішіндегі қақтығыстың жеткен шегі.

Бұл хикаятта кейіпкер бейнелері аз болғанымен қатар, олардың кескіндемесі өзгереді. Жасаған әрекетінің нәтижесіне қарай, олардың мінездік, тіпті сыртқы бейнесінде де үлкен айырмашылықтармен сипатталған. Жалпы, «әдебиеттану ғылымында образдардың жасалу жолдары әр алуан: портрет, мінездеу, адамның күйініш-сүйініштері, суреттеуге қатысушылардың сөздері және жанама мінездеу. Бұлар бір-бірімен нық байланысты. Шығармалардың құрылысында бірі ол жерде, бірі бұл жерде, келсе де, жиынтығында кейіпкерлердің бейнесін айқындап, олармен ерекше көзге түсерлік образ – тип – дерлік дәрежеге жеткізу жұмыстарын атқарады» [7, 23]. Дәл осы теориялық ақпаратқа сәйкес басындағы жиырма жыл бұрынғы Отарәлі сүйген Сәния мен ол ажырасамын дегенше қалыпты болған әйел, айналдырған екі жылдың ішінде өзгеріске ұшырайды. Ондағы мақсатта айқын тәрізді. Яғни, «Аршыған жұмыртқадай аппақ». Бұл әрине, махаббатқа толы еркектің ғашығына деген ықыласынан туған теңеу. «Ол бұрынғыдай емес толықсып, еркек бітімді қол-аяғы жуан тартып, бұрынғы аршыған жұмыртқадай жүзіне әжім-сызат түскен». Соңғы кескіндеме ол шыныменде тағдырдың жүгін арқалаған, сынақпен сыналған, ар азабы мен жан азабын қатар тартып, қаныпезерлікпен бірінші қозғалысқа түскен құрсағындағы баласын жоғалтса, екінші жас қыздың өліміне себепші болды. Үшінші жиырма жылдық жарынан айырылды. Сол барлық күннің күресі бет жүзін шимайламай қоймас та еді. Әйелдік нәзіктікті жоғалтып, еркек пішін мен кесек денелі болуына да септігін тигізді. Кейіпкерлердің кескін-келбетін, сырт тұлғасын суреттеу арқылы олардың көз алдына толық елестеуіне мүмкіндік бере отырып, оқып қана қоймай, сезінуіне ықпал етеді. Сол болмыспен бірге жасасып, хәлін анық айыруына, тұлғасындағы өзгерістерін ұғына отырып, ол оқиғалардың қаншалықты дәл сол кейіпке

деген әсерін айыруға оқырманды жетелейді. Мысалы: Үміт бастапқы оқиға барысында жиырма жастағы үлбіреген, талдырмаштай бойжеткен еді. Шығармада оның әйелінен соққы алып, аурухана төсегіне таңылды. «Үміттің өңі қарақошкыл. Көзінің астына ноқталанып өлім сызықтары тартылған» [2, 6]. Яғни, уақыт өте келе орын алған әрекеттің салдарынан оның сұлу бейнесі өзгеріске ұшырады. Оқырманға сол дүниені ұғынықты ету үшін, қыздың тұлғасын кескіндеп отыр. Осы арқылы болып жатқан оқиғаны сипаттау негізінде шығарманы шынайылық пен дәлдікте өрнектеп отыр. Бұл портреттік сипаттау арқылы алған соққысының қаншалықты ауырлығын, бет жүзіндегі белгілер арқылы сипаттап, оның өмірінің тоқтау сағаты жақын екендігін алдын ала ескертіп кеткендей.

Сонымен қатар, бұл хикаятта ішкі тебіреністі монолог және диалог арқылы жеткізу тәсілі қолданылған. Шығарманың басталуынан бастап, оның әрбір оқиға желісі Отарәлінің өзіндік ойлау жүйесіндегі қайшылықтар мен саналық толқыныстарынан шыққан ішкі үнімен жалғасын тауып жатты. «Көпшіліктің арасынан Избасарымды көрсем дейді. «Оған жол жүруге әлі ерте, сегізінші-ақ сыныпта. Кім біледі, оқу іздеп келіп қалса... Жоқ, ондай бағылдыққа Сәния жібіре қоймас». Осы бір ғана ойдың ішінде неше мәрте қарсылықты пікір, сағыныш, орындалмайтын арман, үміт атты сезімдердің барлығы топталған.

Теориялық зерттеу еңбектеріне сүйенсек, шығарманың бейнелеу өрісіне монологқа айналған сана-сезімнің қаншалықты дәрежеде қатысы барын айқындауға байланысты көрінеді. Бірінші санадан, еркіннен тыс ішкі монолог болса, екінші жарым-жартылай саналы ішкі монолог, үшінші өзін бақылай алатын, бағыты айқындалған, шын мәніндегі ойлау үрдісін білдіретін ішкі монолог [8, 5]. Қосымша бір түрі автор өзі тікелей оқиғаға, талдау жасайтын монолог. Яғни, жоғарыдағы сөйлем бойынша: «Кім біледі келіп қалса» деген жалған үмітпен күнде ығы-жығы пойыздың келуін аңду, бұл әрине санадан тыс ойлау мен оның әрекетке ұласуы. Ал, жарым жартылай сана ағысы бойынша баласының оқу іздеп келіп қаларма деген ойына, қарсылық білдіріп, оған Сәнияның рұқсаты болмайтынын түсіне қоюы. Соңында бағытын айқындап, құр қиялға ерік бермей, келмесін толық түсініп, өзі бармаса болмайтынын қабылдай алуы. Демек, осы бір үш сөйлемнен құралған бір ғана ойдың ішінде ішкі монологтың бейнелеу өрісіне қатысты үш сипаты да танылып тұр.

Ішкі монолог – көркемдік бейнелеу тәсілі екенін көркем шығарманың кейіпкер образын танудағы жолдардан байқауға болады [7, 9]. Мысалы: «Осылай. Пойыз кетті мен қалдым. Мен сезімдімді тазарту үшін келдім бұл жерге. Қасірет сезімдімді тазартады. Мен өзімді –өзім жазалау үшін, азаптану үшін келдім. Екінші Меккеге мен арылу үшін келдім. Ары-лу...».

Күнәдан қашып, ар мазалап, адалдықтың қаласына келгенімен, одан өткеннің қайғысы сөйілмейтінін, тағдырына қара көлеңке кіргізген адамның санасына күннің сәулесі нұрын шашқанымен оның ол аймақты жылытуға шамасы жоғын және оның қаншалықты ауыр жүк, осының бәрі бір ғана кейіпкермен жасасып тұрған тағдыр екендігін танытатындай. Жалпы, Отарәлі бейнесі қоғамдық ауыртпалықтың, еркек кіндіктілердің осы өмірдегі шалыс басқан қадамдарының, отбасылық қиындықтан қателікпен шешім тауып, өмірлік соқпаққа түсетін сергелдендегі сандалған жанның жиынтық образы секілді. Жалғыз өзі, әлемдік ер адамдарға тартылатын тағдыр азабының иесі тәріздес. Ішкі монологтың авторлық түрлері негізгі үш жағдайда байқалады. Біз жазушы әңгімелерінде ұшырасатын монологты соған сәйкес талдадық. Ішкі монологта кейіпкердің ішкі ой-сезімін жеткізетін автор сөзі. Мысалы: «Күн сүйіп, жел өбіп, жаңбыр мүжіген қамкірпіштердіңәрқайсысы сырын ішіне бүккен көненің көзіндей көк күмбезді қиналмай, ауырсынбай көтеріп тұр. Ол жәймен бетін сипады. Кесененің айқара ашық қақпасын көргенде жүргізушінің іші шымырлайды». Ол пойыздан түскен адамдарды көріп, құмарын қандырады. Ал сағынышы көкірегінде теңізге соққан толқындай лықсып тұрар еді. Шығарма идеясының не бір нәзік тұстары, кейде автор мақсатының басты дәні көп ретте ішкі сөздер ағымымен бейнеленеді.

Хикаяттың әлеуметтік жүгі де біршама. Күйеуіне бағынбай әрекет ететін әйелдің бейнесін де Сәния арқылы жеткізілген. Жалғыз ұлынан кейінгі көтерген сәбиін құрсағынан шығуына мүмкіндік бермей, түсік жасатуы қазіргі қоғамның қасіреті. Ал, Отарәлі, жоғарыда атап өткендей, өксікпен өкініші қатар өрбіген, өмірден жолын таппаған бір бейбақ. Қазіргі мысы мен мінезі жоғалған қазақ жігіттерінің бірі. Оның отбасында беделі мен сыйы болар болса, оның рұқсатынсыз әйелі баласын алдырмақ түгілі ол іске баруды да ойына ала алмас еді. Өз қадірінің жоғалғанымен күресудің орнына, бақытын өзгенің құшағынан табамын деп талпынғаны, екі бірдей әйелдің көз жасына қалуына алып келді. Соның ішіндегі ең өкініштісі тірідей жетім қалған Избасар баласының тағдыры. Осы шығарма ішіндегі тағдырдан шалыс қадам баспай тұрып таяқ жеген дәл осы ұлы ғана. Бұл бүгінгі өмірдің айна қатесіз бет бейнесі. Көп отбасының халі. Әйелдер мен еркектердің осал тұстары. Өмірден өздері жасап алған шым шытырық жолдары, қадамымен жасаған әрекеті миындағы сағышына айналып отыр. Өмірдегі қоғамдық көріністердің ауырлығы бойына жинақталған кейіпкердің «ішкі қарны қидаланып, ішкі сарайы іріп бара жатқандай» [2, 14]. Отарәлінің Түркістаннан Алматыға арнайы келіп, Сәнияны көргенімен ойындағысын жеткізе алмай, күшін жинап сағынышына қарсы шыққысы келгенімен ұлымен көрісе алмай, тіпті кезіндегі қызықты сәтінің бір бөлшегі ретінде «Аққу» кафесіне барғысы келгенде де, оның өртенгенін естігендегі ішкі

тебіренісі, оның өз қолымен жасаған әрекеттерінің жазасы жеңілдемей, сыртқы әлемдегі әрекеттерінің өтемін, ойының шиеленістегі үздіксіз өкініші арқылы өтеп жатқандай күйге түсіреді. Екі кейіпкердің арасындағы психологиялық байланысты диалог арқылы көрсеткен автордан үзінді алсақ:

«Міне, көріп отырсың мен осындаймын!

- Менің де ештеңем кеткен жоқ.

Жігіт күтпеген жерде қызарақтап қалды. Жігіттің қызарақтап қалуы да атап өткен бет-әлпеттің өзгеруі. Әрі қарай диалог ер мен әйелге ортақ бала жайында өрбиді.

- Избасар қайда?

- Нағашысында

- Маған көрсетпеудің амалы!

- Операция жасаттым, келгіш болсағ сонда неге келмедің?!

- Біріншіден, менің хабарым жоқ, екіншіден біз ажырасқанбыз...»

[2, 12]. Бұрынғы ері мен әйелінің арасында болған бұл диалог бір-біріне деген іштеріндегі қатып қалған реніш пен тәкәппарлықты қозғайды. Осы тұрғыда Р. Бердібайдың «Диалог – айтпауға болмайтын, жасыруға келмейтін қажеттілікті жария етуі тиіс» [9, 91] деген ойымен толық келісеміз. Диалог арқылы автор кейіпкердің нені айтып, нені айтқысы келмей, нені бүркелеп, нені жария еткісі келмей отырғанын нақты жеткізіп береді.

Кейіпкердің ойы мен іс әрекетінің кереғарлығы, сана қақтығысынан тұратын ерекше көркемдік жүйесін салмақтауда Қ.Түменбайдың шеберлігін таныдық. Кейде адамның өзі қалап тұрса да, әрекетті болдыруға белгісіз бір күш кедергі келтіретінін де бұл хикаядағы Отарәлі мен Санияның кездесуіндегі екі жаққа қайырылмай кетуінен көрінді. Қазіргі қоғам шындығының бір бөлшегі. Кей адамдардың тағдыры, біршама жандардың өмірлік өкінішінің көрінісі. Отарәлі сынды күнәсінен қашқысы келсе де, ойы шатаса беретін, жолы жабыла түсетін, өткеннің қателігін бүгінмен өтеп жатқан тұлғалардың дерті. Отарәліге тән психологиялық көрініс – от басып жүрген көп жандармен байланысты тіршіліктің нақты сипаты, өмірдің өзі.

Қорытынды

Жазушы – өзі өмір сүрген қоғамның айнасы. Болып жатқан адамдар арасындағы қақтығыстар мен ең өзекті мәселерді қозғай білуі арқылы, қоғамның ақиқаты мен шындығын көрсете алатын шеберлік иесі. Қуандық Түменбай да адамдық болмыстың сырына бойлап, дәл қазіргі уақыттың дертіне айналған отбасылық мәселелерді көтере отырып, оның негізгі қателігін бастауы қай жерден кеткендігін, сол жолда таңдағанда оның арты қандай өкініштерге апаратынын оқырманға нәрлендіре жеткізе белген жазушы. Шығармасы түрлі эмоциямен бейнелі, жалпы идеялық бүтіндікті астыртын түрде жеткізе отырып, адамның тағдырының өрбуіндегі өмірлік

заңдылықтардың орнауын орынды аша білген. Автордың персонаж таңдай білуі, сол кейіпкерінің болмысына еркек кіндіктілердің кейбіріне тән кереғар әрекетті біте қайнатуы арқылы, қазіргі тілмен айтқанда депрессиялық күйді тудыртуға сол жанның өз қадамдары мен шешімдері себеп болатынын баса көрсете білген. Түйіндей келе, шағын ғана хикаятта психологизмнің бірнеше көріністері орын алып, оқырманға кейіпкерлердің келесі әрекетін жұмбақтай түседі. Әрбір оқиғасының арты белгісіз, алды тұңғық болып келетін бұл шығарманың ойланғанға ой салып, шешім іздегенге жол сілтей аларлықтай құндылығы бары анық. Адамның барлығы бір ізден қателесуге міндетті емес. Шалыс басылған қадамнан құлаған кейіпкерден үлгі алып, ойланып іс істеуге де болады. Немесе, оның қателігінен туындаған өмірлік мәселесін оқи отырып, дәл сол шоқты оқырманда басуы мүмкін. Бұл әрине, әр адамның өз ішкі сезімінің, ішкі ойының таразылай алатын саналық таңдауы болмақ.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Дүйсенәлі, Ә.** Қазіргі қазақ романы қай деңгейде? // Егемен Қазақстан, 2021 жыл, 14 қазан // [Электронды ресурс] – URL: <https://egemen.kz/article/292916-qazirgi-qazaq-romany-qay-denhgeyde?>

2 **Түменбай, Қ.** Жасыл жанып тұрғанда. – Алматы: «Дәуір», – 2019. – 192 б.

3 **Байтұрсыннов, А.** Әдебиет танытқыш. – Алматы, – 2003. – 208 б.

4 **Майтанов, Б.** Көркем әдебиеттегі психологизм. – Алматы, – 2004. – 336 б.

5 **Аймауытов, Ж.** Психология. – Алматы: «Рауан», – 1995. – 129 б.

6 **Иезуитов, А.** Проблемы психологии в эстетике и литературе // Проблема психологии в советской литературе. – Л.: Наука, – 1970. – 52 б.

7 **Момынова, Б., Бейсембаева, С.** Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы, – 2003. – 176 б.

8 **Пірәлиева, Г.** Қазіргі қазақ прозасындағы психологизм мәселелері. Автореферат. – Алматы, – 2004. – 136 б.

9 **Бердібаев, Р.** Қазақ тарихи романы. – Алматы: «Ғылым», 1979. – 240 б.

10 **Әдебиеттану терминдер сөздігі.** – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 278 б.

References

1 **Duissenali, A.** Qazirgi qazaq romany qai dengeide? [At what level is the modern Kazakh novel?]. Egemen Kazakhstan, October 14, 2021 // [Electronic resource] – URL: <https://egemen.kz/article/292916-qazirgi-qazaq-romany-qay-denhgeyde?>

2 **Tumenbai, K.** Jasyly janyp turghanda [While the light is green]. – Almaty, «Dauir», – 2019. – 192 p.

3 **Baitursynov, A.** Adebiet tanytqysh [Literary bulletin]. – Almaty, 2003. – 208 p.

4 **Maitanov, B.** Kórkem ádebiettegi psihologizm [Psychologism in Kazakh literature]. – Almaty, – 2004. – 336 p.

5 **Aimautov, Zh.** Psihologna [Psychology]. – Almaty: «Rauan», – 1926. – 129 p.

6 **Jesuitov, A.** Problemy psihologii v estetike i literatýre // Problema psihologii v sovetskoi literatýre [Problems of psychology in aesthetics and literature // The problem of psychology in Soviet literature]. L : Nauka, – 1970. – 52 p.

7 **Momynova, B. Beisembayeva, S.** Qazaq tilindegi ym men isharrytyn qazaqsharyssha túcindirme sózdigi [Kazakh-Russian explanatory dictionary of gestures and gestures in the Kazakh language]. – Almaty, – 2003. – 176 p.

8 **Pralieva, G.** Qazirgi qazaq prozasyndagy psihologizm máseleleri [Problems of psychologism in modern Kazakh prose]. Abstract. – Almaty, – 2004. – 136 p.

9 **Berdibaev, R.** Qazaq tarihi romany [Kazakh historical novel]. – Almaty: «Gylym», – 1979. – 240 p.

10 **Ádebiettaný terminder sózdigi** [Dictionary of Literary terms]. – Almaty: «Ana tili», – 1998. – 278 p.

Материал 12.12.22 баспаға түсті.

*К. Т. Жанузакова¹, Н. А. Айтбаева²

^{1,2}Қазақский национальный женский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Алматы

Материал поступил в редакцию 12.12.22.

ПСИХОЛОГИЗМ В ПОВЕСТИ КУАНДЫКА ТУМЕНБАЯ «ПОКА ГОРИТ ЗЕЛЕНЬ»

В данной статье анализируется психологизм в повести Куандыка Туменбая «Пока горит зеленый». Проблема психологизма в жанре повести в современной казахской литературе до сих пор не изучена. Известно, что самоотверженная деятельность того или иного героя, чтобы не потерять свое место в жизни и личность, оказывается его психологической характеристикой. В художественном произведении больше внимания уделяется внешнему бытию героя, а внутренний мир остается в тени. Главный предмет художественного произведения – внутренняя реальность человека, в этом контексте особое место занимает психологизм. В своем произведении писатель описывал ситуации во внутреннем мире героя с помощью различных психологических приемов. В статье мы изучили мастерство письма автора, показавшего постоянное обострение мысли главного героя, невозможность

остановиться на одном и том же, его внутренние конфликты различными психологическими методами. Автор оставляет за собой читателя принять конкретное решение, изложив события, происходящие в его жизни, события, происходящие между внутренним миром главного героя и второстепенными персонажами. Мы доказали, что история написана реалистически и имеет такой социальный багаж, который созвучен жизненному пути мужчин в современном обществе.

Ключевые слова: повесть, монолог, реализм, психологический метод, диалог, портрет, психологическое состояние.

*К. Т. Zhanuzakova¹, N. A. Aitbayeva²

^{1,2}Kazakh National Women's Teacher Training University, Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 12.12.22.

PSYCHOLOGISM IN KUANDYK TYUMENBAI'S NOVELLA «WHILE THE GREEN IS ON»

This article analyzes the psychologism in the story of Kuandyk Tumenbai «While the green is on». The problem of psychologism in the genre of narrative in modern Kazakh literature is still being studied. It is known that the selfless activity of one or another hero, in order not to lose his place in life and personality, turns out to be his psychological characteristic. In a work of fiction, more attention is paid to the external being of the hero, and the inner world becomes backward. The main subject of a work of art is the inner, outer reality of a person, in this context, psychologism occupies a special place. In his work, the writer described the situations in the inner world of the hero with the help of various psychological techniques. In the article we studied the skill of the author's writing, which showed the constant aggravation of the main character's thoughts, the inability to stop at the same thing, his internal conflicts by various psychological methods. The author reserves the reader to make a concrete decision, outlining the events taking place in his life, the events taking place between the inner world of the main character and minor characters. We have proved that the story is written realistically and has such a social baggage that is in tune with the life path of men in modern society.

Keywords: story, monologue, realizm, psychological method, dialogue, portrait, psychological state.

<https://doi.org/10.48081/ZLCM6582>

***Р. О. Жуманбаева¹, Л. Ә. Еспекова²**

^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

ЖАРНАМАЛЫҚ ДИСКУРС ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

Мақалада дискурс және дискурстың теориялық мәселелері қарастырылады. Дискурс лингвистикамен қатар философия, әлеуметтану, педагогика, семиотика, логика және т.б. ғылыми салаларда да кең қолданысқа ие. Сондықтан ауқымды зерттеулерге арқау болған дискурс туралы түрлі көзқарастар мен анықтамалар бар. Мақалада сол зерттеулерге шолу жасалып, ғылыми тұжырымдар жүйеленеді. Дискурсты зерттеушілердің алдында тұрған тағы бір маңызды мәселе – оның типологиясы. Дискурс типологиясы туралы зерттеу сараланады.

Біраз зерттеулерде дискурс ұғымын мәтін ұғымымен сабақтастырып, екеуін бір ұғым ретінде қарастыру бар. Зерттеулерге сүйене отырып дискурс пен мәтіннің ерекшелігін көрсеттік. Дискурс – адамға тән қарым-қатынастың бірі. Ол мәтінмен тығыз байланысты болғанымен екеуі бір емес.

Сөйлеу арқылы дискурс дамып, бірнеше түрге бөлінеді. Солардың бірі – жарнама дискурсы. Жарнама дискурсының ауызша және жазбаша түрлері, онда қолданылатын тілдік құралдар, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнаманың өзіндік құрылымы, жазбаша дискурста қолданылатын тілдік тәсілдер қарастырылады. Әлеуметтік жарнаманың тілі де басқа жарнамалық дискурстан ерекше болып келетіні, ол бұқараның назарын қоғамдағы маңызды мәселеге бағыттауыны дәлелденеді.

Әлеуметтік жарнама дискурсы мен туристік жарнама дискурстарына лингвистикалық сипаттама беріледі.

Кілтті сөздер: дискурс, мәтін, тәсіл, коммуникация, дискурс теориясы, жарнама, жарнамалық дискурс.

Кіріспе

Кейінгі жылдарда кең танымал болған термин – дискурс. Лингвистикада кеңінен қолданыс тапқан дискурс терминіне нақты анықтама беру өте қиын. Дискурс теориясына арналған ғылыми зерттеулерде түрлі тұжырымдар мен анықтамалар айтылады.

Дискурс лингвистикамен қатар философия, әлеуметтану, педагогика, семиотика, логика және т.б. ғылыми салаларда да қолданысқа ие және ғылыми зерттеу нысаны. Мәселен философияда дискурс белгілі бір ой-пікір, талқылау мен аргумент есебінде зерттелсе, әлеуметтік психологияда тілдің көмегімен болатын әлеуметтік іс-әрекет. Бұл туралы В. И. Карасик зерттеуінде жазылған. Ол дискурстың күрделі құбылыс екенін және оны әртүрлі лингвистикалық тәсілдер тұрғысынан қарастыру керек екенін атап көрсетіп, келесідей ғылыми тұжырым жасайды: «Лингвистикалық философияда дискурс – сөйлеу, ал әлеуметтік лингвистикадағы дискурс – бұл әртүрлі әлеуметтік топтарға жататын адамдар арасындағы өзара әрекеттесудің интерактивті процесі» [1,10].

Материалдар мен әдістер

Ойды жарыққа шығаратын тіл болғандықтан жоғарыда аталған ғылым салалары да дискурсты зерттеуде коммуникативті тәсілге сүйенеді. Сондықтан дискурс өте күрделі ұғым болуымен қатар қазіргі коммуникацияның маңызды элементі десек болады.

Зерттеуде дискурс, жарнамалық дискурс, олардың теориялық мәселелері шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері негізінде сараланады. Н. Д. Арутюнова, В. И. Карасик және т.б. ғалымдардың еңбектері басты назарда болды.

Нәтижелер мен талқылау

Дискурс жайлы зерттеулерге үнілсек лингвистикалық мектептердегі оған берілген анықтамалардың, көзқарастардың түрліше екендігін көреміз. Американдық лингвистикада дискурс, ең алдымен, ауызша, спонтанды сөйлеу. Ал орыс және отандық лингвистикада дискурс экстралингвистикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық және басқа факторлармен байланыстырылған мәтін ретінде қарастырылады.

«Қазіргі лингвистикадағы дискурс ұғымы» атты ғылыми мақалада дискурсты анықтаудың бірнеше тәсілі көрсетіледі. Олар:

- Коммуникативті (функционалды) тәсіл. Дискурс сөйлеу, диалогтық қарым-қатынас ретінде.

- Құрылымдық-синтаксистік тәсіл. Бұл жағдайда дискурс белгілі бір мәтіннің жеке бөлігі ретінде әрекет етеді. Мысалы, дискурс авторлық мәтіннің бір абзацы болуы мүмкін. Дегенмен, ол бүкіл мәтіннің мағыналық байланыстырушысы болып саналады.

- Құрылымдық-стилистикалық тәсіл. Дискурс негізгі мәтіннен тысқары, түрлі тілдік құралдар арқылы мәтіннің оқырманға әсерін арттыру.

- Әлеуметтік-прагматикалық тәсіл. Дискурс – бұл мәтіннің бөлігі, оны «мәтіннің ішіндегі мәтін» деп айтуға болады [2]. Осы жіктеуге сүйене отырып, дискурстың бірнеше аспектіге бөлінетінін түсінуге болады.

Дискурс ұғымы мәтін ұғымына жақын. Кей зерттеулерде дискурс, сөйлеу және мәтін ұғымдары балама ретінде алынады. Дискурсқа күні бүгінге дейін әртүрлі мағына беріліп келеді. Біріншісі – оны тілдік жүйені қолдану фактісі ретінде түсіну, екіншісі – осы қолданудың нәтижесі, яғни мәтіндер жиынтығы.

Н. Д. Арутюнова, Т. А. Ван Дайк, В. Г. Борботько сияқты зерттеушілер мәтін мен дискурс ұғымдарының екі бөлек екенін көрсетті. Н. Д. Арутюнованың берген анықтамасы бойынша дискурс: «Дискурс – это связный текст в совокупности с экстралингвистическими-прагматическими, социокультурными, психологическими и другими факторами; текст, взятый в событийном аспекте; речь, рассматриваемая как целенаправленное социальное действие, как компонент, участвующий во взаимодействии людей и механизмах их сознания. Дискурс есть речь, «погруженный в жизнь». Поэтому термин «дискурс», в отличие от термина «текст» не относится к древним и другим текстам, связь которых с повседневной жизнью не поддается прямому переводу» [3, 136]. Пікірге сай дискурс ұғымын жеке алып тек лингвистикалық аспектіде қарастырмай, басқа да гуманитарлық ғылым салаларымен бірлікте кешенді қарастырған дұрыс. Себебі дискурс динамикалық процесс және сөйлеудің экспрессивті, когнитивті, прагматикалық функционалдық ерекшеліктерін көрсетеді.

Дискурсты зерттеушілердің алдында тұрған тағы бір маңызды мәселе – оның типологиясы. Дискурс типологиясының кең таралғаны В. И. Карасиктің жіктегені. Бұл жіктеуде негізге алынғаны дискурстың мақсаты және кімге бағытталғаны.

В. И. Карасик дискурстың екі түрін ажыратады:

1. Тұлғалық (жеке адамға бағытталған). Сөйлеушінің ішкі әлемі бар тұлға ретінде әрекет ететіндігін көрсетеді. Бұл түрді өз ішінен тағы екі кіші түрге бөледі: тұрмыстық және болмыстық байланыс. Болмыстық тілдік байланыс монологпен және көркем әдебиет мәтіндерімен көрінеді. Ал тұрмыстық субъективтілігімен және мәлімдеме құрылымының бұзылуымен сипатталады.

2. Институционалды (мәртебеге (статусқа) бағытталған).

Мұнда сөйлеуші белгілі бір әлеуметтік топтың өкілі ретінде болады. Дискурстың бұл түрі белгілі бір жағдайдағы мәртебелік қарым-қатынасты

білдіреді. Бұл тілдік қатынасқа қатысушылар мен алға қойған мақсаттарына байланысты ерекшеленеді [1].

Отандық зерттеушілерден дискурс мәселесін көтеріп жүрген ғалымдар ретінде Л. Ақтанова [4], Г. Бүркітбаева [5], К. Қ. Садироваларды [6] айтуымызға болады. Бұл зерттеулерде дискурс, шешендік сөздердің дискурсы, іскерлік дискурс, мәтін, сөйлесім мәселелері қарастырылған.

Дискурс туралы зерттеулерге шолу жасай келе барлық дискурстар арасындағы айырмашылықтың формальды екенін байқаймыз. Дискурстың жазбаша да, ауызша да болуы мүмкін екенін түсіну бірдей маңызды. Кей зерттеулерде адамның ойлары да дискурс ретінде танылады. Адам ойы – ол сөздер мен бейнелер. Л. С. Выготский зерттеулерінде де ой дискурс ретінде танылады.

Сөйлеу әрекетінің ерекше бір саласы – жарнамалық дискурс. Жарнамалық дискурстың негізінде жарнамалық мәтін құрылады. Ақпараттық ағындардың адамға айтарлықтай әсер етуімен сипатталаатын ХХІ ғасырда жарнамалық мәтіннің маңызы ерекше. Оны қазіргі заманның ең жарқын құбылыстарының бірі десек болады. Лингвистикада жарнама сөзі өнім мен қызметтің мағыналарын синкреттік түрде біріктіреді. Жарнамалық мәтін – әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-гуманитарлық және әлеуметтік-мәдени жоспардың ақпаратын байланыстыратын көпфункционалды құбылыс. Біз жарнамалық қарым-қатынасты феноменальды әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қабылдаймыз, бір жағынан тұтынушыны бағдарлайтын және оның әлеуметтік ниеттерін қалыптастыратын коммерциялық жоспардың сауда ұсыныстары, ал екінші жағынан тұтынушыға бұқаралық сананың субъектісі ретінде қазіргі заманның идеологиялық және эстетикалық детерминистік идеяларын береді.

Жарнама тілі үшін құрылысы жағынан өзіндік айырмашылықтары бар ауызша және жазбаша дискурстарды ажырату маңызды. Ауызша дискурсқа жататын көптеген құбылыстар кейіннен тіл жүйесіне еніп, сөздіктермен бекітіліп, жазбаша дискурстың бөлігі болды. Олардың ішінде бір сөзден тұратын атаулы сөйлемдерді, сөз, сөйлем құрылыстарының әртүрлі бұзылуларын айтуға болады.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жазбаша дискурстың өзіндік құрылымы бар. Мәселен, баспа арқылы берілген жарнама түс пен жазу үлгілері арқылы ерекшеленеді. Сөйлемдер мен сөздерді тұтастай немесе кей әріптері мен түстерін ерекшелеу – баспадағы жарнама мәтіндерінде коммуникацияны ұйымдастырудың кең таралған әдісі. Бірінші кезекте мәтіннің оқылуы керек компоненттері ерекшеленеді. Бірден назар аударту үшін тақырыптар, тірек сөздер мен буындар ерекшеленеді. Мәтін тақырыбын, маңызды деген сөздердің әріптері мен түстерін ерекшелендіру, өзге тілдің

графикасын қолдану (шет тіліндегі сөзді аудармасыз және транслитерациясыз беру), ауызша және иконикалық элементтерді біріктіру, әріптер мен сандарды біріктіру, әріптің графикалық сызбасының санмен ұқсастығы, әріптер мен компьютерлік белгілерді біріктіру, әріптер мен идеограммаларды біріктіру және т.б. Бұл сияқты тәсілдер жазбаша дискурста назарды ең маңызды ақпаратқа аударуға, ақпаратты қабылдау процесін дұрыс арнаға бағыттауға мүмкіндік береді.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнама дискурсында тыныс белгілері маңызды рөл атқарады. Жазбаша сөйлеуде, сондай - ақ ауызша сөйлеуде тыныс белгілерін қолдану сөйлеуші мен оқушының ритмін анықтайды. Бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндері дискурс болып табылады, олардың барлығы динамикалық және заманауи, олар болып жатқан оқиғалар контекстінде коммуникацияға қатысушылар арқылы қабылданады.

Әлеуметтік жарнама дискурсының жалпы жарнамадан өзіндік ерекшеліктері бар. Лингвистикалық зерттеулерде ол ерекшеліктерді танытатын негізгі параметрлер көрсетілген. Олар:

- адресант (коммерциялық ұйымдар, әлеуметтік институттар, қоғамдық және кәсіби ұйымдар);
- адресат (әлеуметтік мәртебеге тәуелсіз);
- мақсат қою (ол пайда табуды көздемейді, керісінше қоғам мен адамның дамуына арналады);
- арна (бұқаралық ақпарат құралдарында сирек жарияланады);
- себеп пен үндестілік (вербалды және бейвербалды бейнелер актив жұмсалады) [7, 93].

Әлеуметтік жарнаманың тілі де басқа жарнамалық дискурстан ерекше болып келеді. Ол бұқараның назарын қоғамдағы маңызды мәселеге бағыттайды. Осы сипатына орай әлеуметтік жарнаманы әлеуметтің мінез-құлық моделін қалыптастыратын маңызды жүйесі десек болады. Сонымен қатар ол бүкіл қоғамдағы әлеуметке арналғандықтан тілі барлығына бірдей түсінікті болады. Онда кейбір әлеуметтік топ өкілдері түсіне қоймайтын сөздер сирек ұшырасады және ауызекі сөйлеу стиліне жақын болады.

Қазіргі кезеңде барлық жерден жарнаманы көруге болады. Солардың ішінде әлеуметтік жарнамаға мысал ретінде бірнеше жарнаманы келтірсек.

Компьютерге, ғаламторға тәуелділік туралы жарнама:

Компьютер көмекші болуы мүмкін, бірақ ол сенің өмірің емес!

Спорт түрін насихаттау туралы жарнама:

- Біз өмірді таңдаймыз!

- Өз өміріңді бұзба!

- Экстрим есірткіден артық!

Бұндай жарнама халықты ойлануға, әрекет етуге үндейді:

- Қосыл!

- Өз-өзің бол!

- Өміріңді дозаға айырбастама! Өмірге құштар бол!

- Спортты таңда!

Сиреген аң-құстарды аулауға қарсылықты білдіретін жарнама:

- Атыңдар мені... Мен – соңғымын...

Әлеуметтік жарнама дискурсында көпке кең таралған, халыққа белгілі өлең жолдары, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер жиі қолданылады. Олар әлеуметке жақсы таныс болғандықтан әсері ерекше болады. Әлеуметтік жарнама тілінің күнделікті қолданыстағы тілден айырмашылығы – ауызекі тілде және өзіне тән тілдік ерекшелігінің болуы, дыбыстық, жазбаша және көркем графикамен рәсімделуі.

Келесі бір көп зерттелген дискурс – туристік дискурс. Туризмді жарнамалау да белсенді өріс алған. Туристік дискурс туралы кейінгі он жылдықта жазылған М. Г. Вохрышева, Н. А. Тюленева, А. Погодаевалардың зерттеулерін айтуға болады. Ол зерттеулерде туристік қызмет көрсетудің лингвокогнитивтік стратегиялары, туристік дискурстағы диалогтың коммуникативтік стратегиялары, туристік дискурстағы тілдік құралдар, олардың аргумент келтірудегі қызметі қарастырылған.

Туризм әртүрлі елдердің өкілдерімен, мәдениеттерімен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Мұндағы коммуникатор – таныстыратын аумақ туралы мол білімі бар, сол мәдениеттің өкілі. Ол кейбір адресатқа (туристке) өзінің мәдениеті туралы, әртүрлі мәдени жәдігерлер туралы ақпарат, хабарлама жібереді. Гид, туристік агенттік жарнама дискурсы арқылы сол ел, аймақ, олардың тарихы, әсем жерлері туралы бұқаралық ақпарат құралдары немесе түрлі арналар, болмаса әлеуметтік желілер арқылы ақпарат береді. Осылайша, туризмде әртүрлі мәдениеттердің өзара әрекеттесуі жүреді, ал бұл өз кезегінде туризм индустриясындағы туризм дискурсын зерттеуге бағытталған лингвистикалық зерттеулерді тудырды.

Туристік дискурс – лингвистикалық зерттеулер арасында салыстырмалы түрде жаңа сала. Туристік дискурстың типологиялық мәртебесін Н. Ф. Филатова [8], С. А. Погодаева [9] сияқты зерттеушілер қарастырған.

Туристік дискурсқа келесідей сипаттама беріледі:

1. Дискурсқа қатысушы мүдделі тұлғалар: қызметті ұсынушы мен қызметті пайдаланушы клиенттер (Экскурсовод, туристер және т.б.).
2. Хронотоп. Туроператор кеңсесі, көрікті жерлер, трансфер, буклеттер.
3. Дискурстың негізгі мақсаты – пайда табу.
4. Концепт – мүдделі тұлғалар үшін саяхатты ұйымдастыру.
5. Позитивті болу.

6. Негізгі материал – тур туралы ақпарат, ел/қала бойынша ақпарат, қонақүйде тұру, мейрамханалар және т.б. туралы ақпарат.

7. Тарату арнасы – ауызша (оператордан клиентке) және жазбаша (туроператордың ресми сайты, буклеттер, электрондық хат алмасу және т.б.) [10, 3].

Туристтік жарнама дискурсы әлі де зерттеуді қажет етеді. Сонымен дискурс – сөйлеу, тілдік іс-әрекет процесі; сөйлеу тәсілі. Лингвистика, әдебиеттану, семиотика, элеуметтану, философия, этнология және антропология сияқты тілдің қызметін зерттеуді көздейтін бірқатар гуманитарлық ғылымдардың көп мағыналы термині.

Қорытынды

Ғылыми мақалада қазіргі лингвистикадағы дискурс және жарнамалық дискурс ұғымдары қарастырылып, осы тақырыптағы ғылыми зерттеулерге шолу жасалды. Сол зерттеулердің негізінде ғылыми тұжырымдар жасалды. Біраз зерттеушілердің бұл терминді мәтін ұғымына жақындатқанымен, дискурс – нақты сөйлеу әрекетіне қатысты ұғым, ал мәтін – тіл жүйесіне қатысты ұғым. Мәтін – дискурста жүзеге асырылатын дерексіз теориялық құрылым. Яғни дискурс ақпаратты беру тәсілі болса, мәтін ақпаратты сақтаушы десек болады.

Дискурс мәтінге қарағанда ауқымды және ол уақытпен байланысты. Ал мәтін уақытқа тәуелді емес. Дискурс ақпаратты беру тәсілі болса, мәтін ақпаратты сақтаушы.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Карасик, В. И.** О типах дискурса [Текст] // Языковая личность: институциональный и персональный дискурс: сб. науч. тр. Волгоград: Перемена, 2000. – С. 5–20.

2 **Хурматуллин, А. К.** Понятие дискурса в современной лингвистике [Текст] // Ученые записки Казанского университета. – Серия: Гуманитарные науки, – № 6 (151), Казань, 2009. – С. 31–37.

3 **Арутюнова, Н. Д.** Дискурс. [Текст] Лингвистический энциклопедический словарь / Н. Д. Арутюнова. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – 688 с.

4 **Ақтанова, Л.** Дискурс, мәтін, сөйлесім, тіл мәселелері [Текст]. – Алматы, 2006. – Б. 10–11.

5 **Бүркітбаева, Г.** Деловой дискурс. Онтология и жанры [Текст]. – Алматы: Ғылым, 2005. – 235 б.

6 **Садирова, К. Қ.** Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері [Текст]. – Ақтөбе, 2008. – Б. 12–17.

7 **Киреев, С. И.** Дискурс и концептосфера социальной рекламы: дис. ... канд. филол. наук [Текст] / С. И. Киреев. – Волгоград, 2008. – 128 с.

8 **Филатова, Н. В.** Туристический дискурс в ряду смежных дискурсов: гибридизация или полифония [Текст] // Вестник МГОУ. – Серия: Лингвистика. – Москва, 2012. – С. 41–46.

9 **Погодаева, С. А.** К вопросу о хронотопе в туристическом дискурсе. Лингвистика дискурса [Текст] // Вестник ИГЛУ. – Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация. – № 4. – Иркутск, 2006. – С. 6–16.

10 **Атакьян, Г. С.** Прагматика языка туристический рекламы: автореф. дис. ... канд. филол. наук [Текст] / Г. С. Атакьян. – Майкопе : Адыгейский государственный университет, 2010. – 25 с.

References

1 **Karasiik, V. I.** O tipah diskursa [On the types of discourse] [Text] // Linguistic personality: institutional and personal discourse. – Volgograd: Peremena, 2000. – P. 5–20.

2 **Khurmatullin, A. K.** Ponyatie diskursa v sovremennoj lingvistike [The concept of discourse in modern linguistics] [Text] // Scientific notes of Kazan University. – Series: Humanities. – No. 6 (151), – Kazan, 2009. – P. 31–37.

3 **Arutyunova, N. D.** Diskurs. Lingvisticheskiy enciklopedicheskiy slovar' [Discourse. Linguistic encyclopedic dictionary] [Text] // N. D. Arutyunova. – M.: Soviet Encyclopedia, 1990. – 688 p.

4 **Aktanova, L.** Diskurs, matin, sojlesim, til meseleleri [Discourse, text, conversation, language issues] [Text]. – Almaty, 2006. – P. 10–11.

5 **Burkitbaeva, G.** Delovoj diskurs. Ontologiya i zhanry [Business discourse. Ontology and genres] [Text] – Almaty: Gylym, 2005. – 235 p.

6 **Sadirova, K. K.** Kazakh tilindegi kop propositions discourse qyrylymdyk negizderi [Structural bases of multi-propositional discourse in the Kazakh language] [Text]. – Aktobe, 2008. – P. 12–17.

7 **Kireev, S. I.** Diskurs i konceptosfera social'noj reklamy [Discourse and the concept sphere of social advertising] : dis. ... cand. philol. Sciences [Text] . – Volgograd, 2008. – 128 p.

8 **Filatova, N. V.** Turisticheskij diskurs v ryadu smezhnyh diskursov: gibridizaciya ili polifoniya [Tourist discourse among related discourses: hybridization or polyphony] [Text] // Vestnik MGOU. – Series: Linguistics. – Moscow, 2012. – P. 41–46.

9 **Pogodaeva, S. A.** K voprosu o hronotope v turisticheskom diskurse. Lingvistika diskursa [To the question of the chronotope in the tourist discourse.

Linguistics of discourse] [Text] // ISLU Bulletin. – Series: Linguistics and intercultural communication. – No. 4. – Irkutsk, 2006. – P. 6–16.

10 **Atakyan, G. S.** Pragmatika yazyka turistichekij reklamy [Pragmatics of the language of tourist advertising] [Text] . Ph.D. dis. ... cand. philol. sciences / G. S. Atakyan. – Maykop: Adyghe State University, 2010. – 25 p.

Материал 12.12.22 баспаға түсті.

**P. O. Zhumanbayeva¹, L. A. Yespekova²*

^{1,2}Евразийский университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Астана

Материал поступил в редакцию 12.12.22.

РЕКЛАМНЫЙ ДИСКУРС КАК ОБЪЕКТ ЛИНГВИСТИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ

В статье рассматриваются дискурс и теоретические проблемы дискурса. Дискурс наряду с лингвистикой имеет широкое применение и в научных областях, таких как философия, социология, педагогика, семиотика, логика и др. Поэтому существуют различные точки зрения и определения дискурса, основанные на обширных исследованиях. В статье дается обзор этих исследований и систематизируются научные выводы. Еще одной важной проблемой, стоящей перед исследователями дискурса, является его типология. Анализируется исследование типологии дискурса.

В некоторых исследованиях понятие дискурса соотносится с понятием текста. Существует рассмотрение этих двух понятий как одного. Оба эти понятия рассматривают как одно понятие. На основе исследований мы показали специфику дискурса и текста. Дискурс является одним из отношений, присущих человеку. Хотя он тесно связан с текстом, эти два понятия не являются тождественными.

Через речь развивается дискурс, который делится на несколько типов. Одним из них является дискурс рекламы. Рассматриваются устные и письменные формы рекламного дискурса, используемые в нем языковые средства, своеобразная структура рекламы в средствах массовой информации, языковые подходы, используемые в письменном дискурсе. Доказано, что язык социальной рекламы также отличается от другого рекламного дискурса тем, что он фокусирует внимание масс на важной проблеме в обществе.

Дается лингвистическая характеристика дискурса социальной рекламы и дискурса туристической рекламы.

Ключевые слова: дискурс, текст, подход, коммуникация, теория дискурса, реклама, рекламный дискурс.

**R. O. Zhumanbayeva¹, L. A. Yespekova²*

^{1,2}The L. N. Gumilev Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Astana

Material received on 12.12.22.

ADVERTISING DISCOURSE AS AN OBJECT OF LINGUISTIC RESEARCH

The article deals with discourse and theoretical problems of discourse. Discourse, along with linguistics, is widely used in scientific fields such as philosophy, sociology, pedagogy, semiotics, logic, etc. Therefore, there are different points of view and definitions of discourse based on extensive research. The article provides an overview of these studies and systematizes scientific conclusions. Another important problem facing discourse researchers is its typology. The study of discourse typology is analyzed.

In some studies, the concept of discourse correlates with the concept of text. There is a consideration of two as one concept. Both are considered as one concept. On the basis of research, we have shown the specifics of discourse and text. Discourse is one of the relations inherent in man. Although closely related to text, these two are not the only ones.

Discourse develops through speech, which is divided into several types. One of them is the discourse of advertising. The oral and written forms of advertising discourse, the language means used in it, the peculiar structure of advertising in the media, the language approaches used in written discourse are considered. It is proved that the language of social advertising also differs from other advertising discourse in that it focuses the attention of the masses on an important problem in society.

The linguistic characteristics of the discourse of social advertising and the discourse of tourist advertising are given.

Keywords: discourse, text, approach, communication, discourse theory, advertising, advertising discourse

<https://doi.org/10.48081/TXBE9344>

***Н. Қ. Жүсіпов¹, М. Н. Баратова²**

^{1,2}Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРТАНУШЫЛЫҚ ЕҢБЕГІ

Бұл мақалада қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы ғалым, тіл білімінің зерттеушісі, тюрколог, мәдениет қайраткері, ағартушы – Ахмет Байтұрсынұлының фольклортанушылық еңбектері жан-жақты қарастырылды.

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының фольклор саласындағы ізденіс-зерттеулері – алдымен ол жазған «Ер Сайын», «Тіл-құрал» т.б. деген еңбектерінен көрінеді. Бұл еңбектеріне ел арасынан және кітап пен қолжазбалар жезінен жиыстырған ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілері кіреді. Мәселен, ғалымның жазған оқу құралдарында фольклор үлгілері ең алдымен жанрлық ерекшеліктері жағынан көзге түседі: оның ішінде ең жиі қолданылғаны – мақал-мәтелдер, сонымен қатар жаңылтпаштар, жұмбақтар, шешендік сөздер, ертегілер, тұрмыс-салт жырлары үлгілері, батырлар жыры мен айтыс нұсқалары т.б. Ғалым өз еңбегінде мақал-мәтелдерді, бір жағынан дайын тілдік материал көзі ретінде қолданды. Екінші жағынан ғылыми, ағартушылық, танымдық, эстетикалық, тәрбиелік т.б. мақсаттарда да пайдаланды. Еңбетерінде фольклор үлгілерін саралап қайта-қайта қолдануы, жан-жақты талдауға түсіруі, ғылыми-бұқаралық сипатта жариялауы т.б. – бәрі фольклорист ғалымның ағартушы-демократиялық көзқарастарынан туындайтынын дәлелдейді.

Жалпы мақалада Ахмет Байтұрсынұлының қазақ фольклорын жинаудағы, жариялаудағы және зерттеудегі еңбектері қарастырылады.

Кілтті сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, фольклор, мақал-мәтелдер, Г. Н. Потанин, «Ер Сайын», «Тіл-құрал».

Кіріспе

Ахмет Байтұрсынұлы – әдебиет зерттеушісі, тюрколог, тіл білімінің негізін қалаушы ғалым, баспасөз тілінің ұлттық үлгісін қалыптастырған журналист, ағартушы - педагог, өз елінің рухани дүниесін көтеруге көп еңбек еткен мәдениет қайраткері.

Ахмет Байтұрсынұлының құрастыруымен 1923 жылы Мәскеуде шығарылған «Ер Сайын» кітабының ішкі мұқабасында Г. Н. Потаниннің 80 жасқа толу мерейтойына арналған өлеңінің бірге берілуі де фольклортанушы ғалымның белгілі фольклорист – ғалым Г. Н. Потанинді ерекше ардақтағанын, ұстаз тұтқанын т.б. дәлелдейді. Жалпы бұл – қазақ ауыз әдебиеті мен фольклорын ерінбей, жалықпай, ұзақ жылдар бойы әрі жинап, әрі жариялап, әрі зерттеп жүрген ғалым Г. Н. Потанинге деген сол замандағы зиялы қауымның артынан айтқан үлкен алғысы еді.

Сонымен бірге өмірбаяндық деректер арасында Ахметтің 1905–1908 жылдары Қарқаралыда ашылған тұңғыш қазақ медресесінде ұстаз болғаны айтылады [1]. Мұнда Құнанбай қажы салдырған мешіт те, ақын Абай жиі тоқтап жүрген Г. Н. Потаниннің мекен-жайы да сөз болады. Демек Ахмет те (32 жасар) ол қалада тұрған Г. Н. Потанинмен таныс болмауы мүмкін емес. Керісінше, жиі өзара сұхбаттасып та, дәмдес бола жүріп, Г. Н. Потанин кітапханасымен де жете танысуы мүмкін демекпіз. Сөз арасында, өмір бойы фольклор үлгілерін жинауда, жариялауда, зерттеуде тәжірибесі мол Г. Н. Потаниннен мол ақыл-кеңес алуы т.б. – бәрі, сөз жоқ, Ахмет Байтұрсынұлының фольклористік қызметіне негіз болғаны анық.

Екінші себеп, ел арасында ұстаздық қызмет атқаруда, 1896 жылдары Омбы, Ақмола, Семей мектептерін басқарып тұрған белгілі фольклорист-ғалым әрі А. Е. Алекторовпен [2] хабарласып, әрі Омбыда Н. М. Ильминскиймен [3] де таныс болуы болашақ фольклорист – ғалым Ахметтің ел арасынан фольклор үлгілерін тездетіп жинаушылық қызметіне кірісуіне, әрі бұл істің ел тарихы үшін маңызды екенін түсінуіне себеп болды. Сонымен қатар фольклор үлгілерінің қайсысын қалай қағазға түсіру керектігін, мәтіннің паспортын толтыру тәрізді т.б. – жалпы фольклортанушы ғалымдарға қажетті негізгі жинау принциптерінің (сөзбе-сөз көшіру, мәтінді өзгертпеу тәрізді т.б.) алғы шарттары да осы кезде сарапталынды.

Материалдар мен әдістер

Мақала жазылу барысында әр түрлі ғылыми әдістер қолданылды: тарихи-салыстырмалы, аналитикалық, типологиялық, тарихи функционалдық, нарративтік т.б.

Нәтижелер және талқылау

Байтұрсынұлы Ахметтің фольклор саласындағы ізденіс-зерттеулері – алдымен ол жазған оқу құралдарынан көрінеді. Алғашқы ұстаздық өмірі

кезіндегі ел арасынан және кітап пен қолжазбалар жүзінен жиыстырған ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерін ғалымның өзі жазған оқу құралдарына кіргізіп отырғаны белгілі. Мәселен, Ахметтің қазақ тіл білімі тарихына қатысты жазған оқу құралдарында [4–6] дайын материал, дерек көзі есебінде келтірілген фольклор үлгілері ең алдымен жанрлық ерекшеліктері жағынан әр түрлілігімен көзге түседі: оның ішінде ең жиі қолданылғаны – мақал-мәтелдер, сонымен қатар жаңылтпаштар, жұмбақтар, шешендік сөздер, ертегілер, тұрмыс-салт жырлары үлгілері, батырлар жыры мен айтыс нұсқалары т.б. Яғни мұндай фольклордың барлық жанрларын қамту тәрізді жинаудың академиялық түрін өз кезінде белгілі фольклорист ғалымдар Ш. Уәлиханов, В. Радлов, Г. Н. Потанин, Ә. Диваев, М. Ж. Көпеевтің де жинаушылық қызметтерінде кездесуі – бәрі қазақ фольклорын қағазға түсіруде белгілі бір ортақ сарындастықтың, жинаушылық қызметтегі тәжірибе үндестігінің т.б. болғанын дәлелдейді.

Ғалымның қазақ тілі негіздерін оқытудың ұлттық үлгісін дәйектеген оқу құралдарында жиі, әрі өте көп фольклор үлгісі – мақал-мәтелдер екені анық. Көлем жағынан қарағанда, бір еңбекте [7] мақал мен мәтелдер саны – 10 шақты болса, екінші бірінде [8] – 15 үлгісі бар.

Бұл жинақтардағы мақал-мәтелдер көбінесе пысықтау-жаттығулар үшін қажетті дайын материал ретінде қолданылған. Мұнда белгілі бір әріп мәнін ұғындыруда, одан буын жасап сөз құрау, одан әрі сөйлем жасауға т.б. дейінгі бүкіл сөзжасам жүйесіне қатысты материалдарды, бұдан туындайтын белгілі бір теориялық ұғымдарды түсіндіру мақсатында Ахметтің мақал-мәтелдерді пайдалануы кездейсоқ емес. Тегінде ғалым бұл мақал-мәтелдердің өздерін еңбегіне іштей іріктеп, жіктеп, саралай отырып, балалардың ой-санасына сіңімді, таным-қабілетіне орай, жас ерекшеліктерін ескере отыра енгізген тәрізді. Ондағы мақсат: әр халықтың ұлттық ерекшеліктері көбінесе өзінің төл мәдениеті – фольклоры арқылы көрінері анық. Демек, осы фольклор үлгілері арқылы А. Байтұрсыновтың балалар бойына ана сүтімен бірге қазақ тілі құдіретін жеткізе алатын бірден-бір күш фольклорлық, яғни халықтық мұра деп түсінгендігі байқалады.

Екінші жағынан, бұларды фольклортанушы Ахмет жас балалар үшін: бірде танымдық-информациялық мақсатта пайдаланса, мәселен, «Ақыл жас ұланнан, жүйрік тай құнаннан», «Ат болар тай саяққа үйір, адам болар бала қонаққа үйір» т.б. [9].

Мұндағы танымдық деп отырғанымыз, аталары көшпелі тұрмыста болған жастар үшін жылқы, түйе т.б. малы таңсық емес, бірақ та олардың сыр-сипатына, мінез ерекшелігіне қатысты т.б. атадан-балаға мирас болған бабалар сөзі-қайткенмен сол заман үшін таным, білім көзі болғаны анық. Екіншісі - Ахметтің фольклорды ағартушылық, үлгі-өнеге мақсатында

қолданылуы, мәселен, «Оқу-білім азығы, білім-ырыс қазығы», «Білім жұғысады, ырыс ауысады», «Білегі толық бірді жығады, білімі толық мыңды жығады», «Ылғи қойшы болсаңдар, құл боларсың. // Ылғи тойшы болсаңдар, қу боларсың» т.б. [10].

Міне, мұндай ғалым Ахметтің ізденушілігінен ағартушылық-демократтық көзқарасы да танылады. Яғни халық болашағы-білімділікте, біліктілікте, бірлікте т.б. екенін саралаған ғалым, осы төңіректе ғасырлар бойы айтылған ел даналарының сөздерін ізерлей де, іріктей отырып, оқулық ішіне мольнан енгізуі-бәрі, сөз жоқ, фольклорист-ғалымның тек фольклорды жинаушы ретінде ғана танылуымен қатар, оларды жариялағанда да белгілі бір талаптарға сәйкес болуын да мақсат тұтқандығын дәлелдейді.

Және де осы оқулық ішінде Ахмет мақалдың бірнеше варианты да келтіреді. Мәселен, «Ылғи қойшы болсаңдар...» деп басталатын мақалдың келесі бір жерде 2-ші варианты да көзге ұшырасады: «Бәрің бірдей қойшы болсаңдар, құл боларсың. // Бәрің бірдей тойшы болсаңдар, қу боларсыңдар».

Жалпы әлемдік фольклортану тарихында қалыптасқандай, варианттарды (яғни фольклорлық үлгіні) бір-бірінен мына ретте салыстырады:

а) мазмұнда айырмашылық бар ма?

ә) кейіпкерлер өзгерген бе?

б) олардың іс-әрекеті, сөз өзгерген бе?

в) тілде, стильде жаңалық бар ма? (қысқартып немесе басқа сөзбен беру т.б.)

Әдетте, салыстырулардың мұндай белгілері фольклордың оқиғалы, сюжетті т.б. үлгілеріне көбірек сай келеді. Дегенмен екі нұсқа арасында мазмұнда да, кейіпкерлерінде де (қойшы-тойшы, құл-қу), олардың іс-әрекеттерінде де (болсаңдар-боларсың) т.б. өзгеріс жоқ, мақалдағы мағыналық тұтастық сақталған, өзгеріс жоқ. Тек сөз басталуындағы «ылғи» сөзі келесісінде «бәрің бірдей» деген сөз тіркесімен алмастырылған.

Әйтсе де осы тәрізді мақалды жиі қолданылуында да астыртын саяси мән де жоқ емес. Дағдылы көшпелі кәсіппен, яғни мал бағумен ғана шұғылдана бермей, басқа да маман иелерін игеруге жастарды астыртын үгіттеу, насихаттау үлгісі де бар.

Үшіншісі – ғалым Ахмет фольклорды – даналыққа баулу, тәрбиелік-эстетикалық мақсат көзі деп тануы. Мәселен, «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле», «Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетер, құйма құлаққа айтсаң құйып алар», «Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ» т.б. [9].

Халық өз тарихында бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Осы тұрғыда көптеген фольклорлық үлгілерді, оның ішінде мақал-мәтелдерді де тудырғаны белгілі. Әдетте белгілі бір мақал-мәтелдің тууы тарихы бір күндік емес, бірнеше ғасырларға созылары анық. Яғни халық өзінің өмір бойы жиған-

терген білімін, бай тәжірибесін, мәдениетін т.б. бәрін осы фольклорлық нұсқа, мақал-мәтелдер арқылы атадан балаға мирас етіп қалдырып отырған. Демек бұдан біз фольклортанушы Ахметтің халық поэзия үлгілерін көненің көзі, сөз өнері, ескерткіш мұра деп сараптауын танымыз.

Төртіншісі – фольклорист-ғалым мақал-мәтелдерді денсаулық байлығын, қадірін дәріптеуге арнайды. Мәселен, «Денсаулық – зор байлық», «Ішің ауырса, аузыңды тый» т.б. [9].

Әдетте шығыс халықтары түсінігінде «денсаулық» деген ұғым 3 түрлі ұғымның толысуынан туындайтыны белгілі: бірінші денсаулық деп – жеке басының денсаулығын айтады. Екіншісі – «ақ жаулық» делінеді. Яғни жеке адам баласының денсаулығы, сондай-ақ, болашақ жарының адал, адамгершілігі мол, ақ көңілді, кең пейіл т.б., «ақ» - жақсы ұғымымен сыйымды болуымен байланыстырылады. Үшіншісі – «он саулық» делінеді. Мұндағы мақсат: адамның жеке басының саулығы да, жарының адалдығы да т.б. бәрін де тіршілік көзі ретінде малдың керектігі. Яғни адамның жан мен тән саулығы үшін азық көзі қанша керек болса, мал да сонша қажет дегені. Тек осы үшеуі бір адам басына түйіскенде ғана – ол адамның дені сау деп түсінген. Міне, осындай түсінік атаулыны балаға ерте жастан есіне түсіре отырып, жастайынан денсаулықты бағалауға, қастерлеуге, сақтай білуге шақыру, жеке бас тазалығына үгіттеу мен насихаттау – оқулық маңызын арттыра түсіретіні анық.

Ғалымның келесі «Тіл-құрал» еңбегінде (Орынбор, 1914) қолданылған мақал-мәтелдер шоғыры белгілі бір игерілген теориялық тұжырымдарды меңгерту, таныту, есте ұстату т.б. тәрізді мақсаттарды дағдыландыру, пысықтау, ширату, сынау жаттығулары есебінде алынған. Мәселен, жеке сөз, сөйлем жасау мақсатында – 38; сөзді буынға бөлу, буынды жеке-жеке дыбыстарға бөлу ерекшеліктерін ашу үшін – 28; ажыратылған дыбыстарды пысықтауда – 100; ал, жазу қағидаларын есте ұстату үшін – 130 шақты мақал-мәтелдер шоғыры (кейбіреулерінің қайталанатын тұстары да жоқ емес) келтірілген [9].

Сондай-ақ аталымдағы еңбекте атауыш сөздерді өткенде дағдыландыру жаттығулары үшін – 127 мақал-мәтел алынса, оның: зат есімді өткенде – 40; сын есімде – 24; сан есімде – 17; есімдікте – 19; етістік бөлігінде – 27 шақтысы қамтылған.

Біраз келтірілген мақал-мәтелдер бірнеше рет қайталанатын: «Басқа келген бәледен бастан құлақ садаға», «Не ексең соны орасың», «Таспен ұрғанды аспен ұр», «Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ» т.т.

Қорытынды

Міне, байқап отырсаңыз, фольклортанушы Ахмет – өз еңбегінде мақал-мәтелдерді, бір жағынан дайын тілдік материал көзі ретінде қолданса,

екіншіден, олардың арасынан ағартушылық, танымдық, тәрбиелік т.б. қызметтер атқаратын үлгілерін саралап қайта-қайта келтіруі т.б. бәрі фольклорист ғалымның ағартушы-демократиялық көзқарастарынан туындайтынын дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. **Әкімов, А.** Қарқаралыдағы тұңғыш қазақ мектебі // Ұлан. – 30 тамыз. – 1990.
2. **Әуезов, М.** Ақаңның елу жылдық тойы // Ақжол. – 4 февраль, 30 тамыз. – 1990.
3. **Мектепов, А., Әнесов, Ғ.** Ана тілін түрлеген Ахаң // Жалын. – 1989.
4. **Байтұрсынұлы, А.** Тіл-құрал. – Орынбор, 1914. – 53 б.;
5. **Байтұрсынұлы, А.** Тіл-құрал. – Қызыл-Орда, 1925. – 39 б.;
6. **Байтұрсынұлы, А.** Тіл – жұмсар. – Қызыл-Орда, 1928. – 46 б.
7. **Байтұрсынұлы, А.** Оқу құралы. – Орынбор, 1912. – 40 б.
8. **Байтұрсынұлы, А.** Әліп би. – Қызыл-Орда, 1928. – 116 б.
9. **Байтұрсынұлы, А.** Тіл тағылымы. – А. : Ана тілі, 1992. – Б. 45, 46, 76, 78, 144–160.
10. **Байтұрсынұлы, А.** Сауат ашқыш. – Семей, 1926. – 83 б.

References

1. **Akimov, A.** Qarkaralydaғы tūñğyş qazak mektebi [The first Kazakh school in Karkaraly]. Ūlan. – 30 tamyz. – 1990.
2. **Auevov, M.** Aqañnyñ elu jyldyq toiy [The fiftieth anniversary of Akan]. Aqjol. – 4 fevral, 30 tamyz. – 1990.
3. **Mektepov, A. Anesov, G.** Ana tilin türlegen Ahañ [Ahan, who diversified his native language]. Jalyn. – 1989.
4. **Baitursynuly, A.** Til-qūral. – Orenburg, 1914. – 53 p.;
5. **Baitursynuly, A.** Til-qūral. – Kyzyl-Orda, 1925. – 39 p.;
6. **Baitursynuly, A.** Til-jūmsar. – Kyzyl-Orda, 1928. – 46 p.
7. **Baitursynuly, A.** Oqu qūraly [Textbook]. – Orenburg, 1912. – 40 p.
8. **Baitursynuly, A.** Älip bi [Alphabet]. – Kyzyl-Orda, 1928. – 116 p.
9. **Baitursynuly, A.** Til tağylymy [Language lessons] – Almaty. : Ana tili, 1992. – P. 45, 46, 76, 78, 144–160.
10. **Baitursynuly, A.** Sauat ašqyş [Literacy opener]. – Semey, 1926. – 83 p.

Материал 12.12.22 баспаға түсті.

*Н. К. Жусупов¹, М. Н. Баратова²

^{1,2}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар

Материал поступил в редакцию 12.12.22.

ФОЛЬКЛОРИСТИЧЕСКИЙ ТРУД АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

В данной статье подробно рассмотрены фольклористические труды основоположника казахской литературоведческой науки, исследователя языкознания, тюрколога, деятеля культуры, просветителя – Ахмета Байтурсынова.

